# Алатау

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№8 (907)

01.03.2019

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat


ӘЛЕУМЕТ

# 21 МЫҢ ТЕҢГЕ КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?




**Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы, партия лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының XVIII съезі өтті. Партияның 20 жылдығына арналған съезге өңірлік конференцияларда сайланған делегаттар, Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, азаматтық қоғамның, жастар құрылымдарының, халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпустың, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, партия ардагерлері қатысты.**

Мемлекет басшысы республикалық бюджет шығындарының едәуір бөлігі әлеуметтік салаға бағытталатынын атап өтті. Әсіресе, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға қолдауды күшейту жөнінде, көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақыны көтеру тұрғысында нақты ұсыныстар мен тапсырмалар берді. «Үкіметке әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды, әсіресе, көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын кеңейтуді тапсырды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда шамамен 340 мың отбасыда балалар саны 4-тен көп. Жыл сайын баласы бар отбасыларды қолдауға 500 миллиард теңгеден астам сома жұмсалады. Бұл отбасылардың табыс деңгейі де әртүрлі. Сондықтан бірінші кезекте, мемлекет табысы төмен көпбалалы отбасыларға айрықша қамқорлық пен көңіл бөлуге тиісті. Қазір 111 мың отбасы немесе 571,6 мың адам мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алады екен. Үкіметке аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды қамту өрісін кеңейту үшін АӘК көрсету критерийлерін күнкөріс шегінің 70 пайызына (яғни қазіргі 14 мың 849 теңгеден 20 мың 789 теңгеге) дейін көтерді. Есігінен көп бала өрген отбасылардың жиынтықты табысын есептеу кезінде әртүрлі жәрдемақыларды, стипендияларды табыс ретінде тану тәжірибесі жойылады. Осының арқасында 2019 жылы 830 мыңнан астам адам, соның ішінде 550 мыңдай бала АӘК-пен қамтылады.

Бұдан бөлек, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға және отбасыларға берілетін жәрдемақы 30 пайызға көбейтілетін болды. Сонымен қатар Елбасы әлеуметтік төлемдерді алуды қиындатпауды тапсырды.

*«Халық ары-бері шапқылап жүрмесін. Сонан соң, мұндай отбасылардың табысын есептегенде басқа әлеуметтік жәрдемақыларды санауды алып тастау керек. Әйтпесе, соның барлығын санағанда отбасылар бай азаматтар болып шыға келеді». Есігінің алдындағы алма ағашын, қорадағы тауығын «табыс көзіне» қосу дағдысы тоқтаса, жақсы болар еді. Атаулы көмекті алу үшін азаматтар арасында уақытша ажырасу әрекетіне дейін баратындар да ұшырасатын. Ендігі таңда мемлекет қазынасынан бөлінетін қаржы талан-таражға ұшырамай, мұқтаж отбасылар игілігіне айналса дейміз. Сонымен қатар «ақша қосылды» деген желеумен бағаның жөнсіз шарықтауына жол бермеген дұрыс. Бюджеттің әрбір тиыны халыққа жетуі керек»,* – деді Мемлекет басшысы.

Алайда, «Азаттық» сайтына сұхбат берген белсенді азаматша, көп балалы ана Ақмарал Басирова «Ол ары қарай наразылық жалғасып кетпес үшін халықты тыныштандырғысы келеді. Сыбайлас жемқорлық кесірінен мұндай көмектің мұқтаж отбасыларға жетпейтініне сенімдімін. Көбейетін жәрдемақы мен атаулы әлеуметтік көмекті осындай жәрдемақыны алып жатқан, тіркеуде тұрған отбасылар ғана алады. Ал ала алмай жүргендер тағы да құр қалмақ. Көп балалы аналардың басты талабы – осындай есепке алынбай қалған отбасыларға көмек беру» деп пікір білдірген болатын.

Жалғасы 2-бетте.

Акцияның аяқталуына 20 күн қалды!

# Жазыл да, ҰТЫП АЛ!



I орын
Смартфон Samsung Galaxy A6



II орын
Шаңсорғыш
Bosch BGS05A220



III орын
Мультиварка
REDMOND RMC-M252



IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M



V орын
Блендер
Elenberg
HAT-9601E



VI орын
Миксер
Elenberg
SW-601

**Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар ақпан айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.**

*Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.*

***Ескерту:** ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.*

## АҢДАТПА


ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БАЛА ЖАНЫНЫҢ ҚОРЕГІ 4-бет

ҰСТАЗДЫҚ ҮЛКЕН ШАБЫТТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ 7-бет

ӨНЕРЛІ АГРОНОМ 13-бет

ӘР СПОРТШЫНЫҢ АРМАНЫ – ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ БОЛУ 15-бет

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# КІМ КЕЛДІ, КІМ КЕТТІ?




## ЖАҢА ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ АНТ БЕРДІ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткізілген жаңа үкіметтің алғашқы жиыны 10 минутқа созылды. Нұр Отан партиясының кезекті съезі туралы мәлімет беріліп, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, кейбір қоғамдық мәселелер бойынша маңызды шешімдер қабылданатындығы туралы сөз қозғалды. Жиын барысында жаңадан тағайындалған министрлер: Күләш Шәмшидинова, Роман Скляр, Сапархан Омаров және Руслан Дәленов Қазақстан халқы мен Президенті алдында елдің экономикалық және рухани даму ісіне барлық күш жігері мен білімін жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, халыққа адал қызмет етуге ант берді.

Естеріңізге салсақ, 21 ақпан күні Мемлекет басшысы Үкіметті отставкаға жіберді. Президент соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды саралай келе, осындай шешім қабылданғанын жеткізді. Себебі елді дамытуға бағытталған заңдарға қарамастан, тиісті міндеттер орындалмаған. «Мәселен ауылдық жерлерде өнімді жұмыс орындары жеткіліксіз, шағын және орта бизнес экономиканың қозғаушы күшіне айналған жоқ әрі оның дамуы әкімдер мен министрлердің негізгі міндеті болмады», – деді Елбасы. 25 ақпанда Елбасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамын бекіту туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

## БІЛІМ ОРДАСЫ САТЫЛАДЫ

Қазақстанның Қаржы министрлігі еліміздегі беделді төрт жоғары оқу орны мен республикалық мектепті сатылымға шығарды.

Сатылымға ұсынылған жоғары оқу орындарының қатарында Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ), Өмірхан Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті (ЖезУ), Алматы энергетика және байланыс университеті (АЭжБУ), Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы (ҚазБСҚА) бар. Нысандардың сатылым бағасы да белгілі болды.

Ең қымбат білім ордасы – Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы. Оның бастапқы бағасы – 2 миллиард 522 миллион 61 теңге (6,6 миллион доллар). Ал Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ құны – 1 миллиард 711 миллион 278 мың 931 теңгеден басталады (4,5 миллион доллар). Оны сатып алғысы келген азамат 75 миллион 750 мың теңге көлеміндегі (200 мың доллар) бастапқы жарнаны төлеуі қажет.

Сондай-ақ, Алматы энергетика және байланыс университеті 1 миллиард 401 миллион 617 мың 89 теңгеге (3,7 миллион доллар), Өмірхан Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті 336 миллион 396 мың 978 теңгеге (889 мың доллар) сатылмақ.




Сатылымға шығарылған білім ордаларының республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі де бар. Мектептің бастапқы бағасы – 331 миллион 60 мың теңге (875 мың доллар).

Сатылым 7 наурызда аукцион әдісі арқылы өтеді. Кім жоғары бағаны ұсынса, сол жеңімпаз болмақ.

ӘЛЕУМЕТ

# 21 МЫҢ ТЕҢГЕ КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?

Жалғасы. Басы 1-бетте

Расында, бұл жаңалық ел арасында тарағалы бері қуанғаннан гөрі күдік пен күмән танытқандардың саны басым. Ақмарал Басирова – ақпанда болған оқиғадан соң көпбалалы аналардың белсенді акцияларына қатысып, үкіметтің отставкаға кетуін талап еткендердің бірі. Ол еліміздегі көпбалалы аналардың басты мәселесі: жәрдемақы мөлшерінің көлемі, тұрақты тіркеу мен кепілге қоятын мүлкі болмағандықтан аналардың әлеуметтік төлем мен несие ала алмайтынын жазған. Осыған орай съезд барысында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жағдайы төмен көпбалалы отбасыларға арналған 40 мыңнан аса жалдамалы тұрғын үй салып, ол үшін жыл сайын қосымша 50 миллиард теңге бөлінетіндігі сөз болды. Тағы бір қуантарлығы, жұрт бір жапырақ анықтама алу үшін табанынан таусылып, мекемелердің табалдырығын тоздыратын. Қоғамда орын алған осы бір әзекті жайтты Елбасы еске салды. Көпбалалы аналар осы уақытқа дейінгі жәрдемақыларын қалай алып келгендігі туралы сұрауды да жөн көрдік.

«4 балам бар. Үшеуі мектепке барады. Кішкентайым бір жаста. Осы уақытқа дейін үкіметтен жәрдемақы алып келдім. Бірақ құжаттарды 6 ай сайын өткізіп тұру қажет. Себебі жұмыс орнынан айлық туралы анықтама керек. Мәселен, жолдасымның айлығы 28 мың болған кезде, баламның 1 жасқа дейін алатын жәрдемақымды есептеп, 35 мың теңге көлемінде 6 ай бойы алып отырдым. Одан кейін күйеуімнің жалақысы 32 мыңға көтерілгенде жәрдемақы 24 мыңға азайып қалды. Ал, құжаттарын жинау өте қиын. Оны кезекте тұрып өткізесің. Мектепке баратын үш баламның екеуі тегін тамақ ішеді. Үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан көмек сол. Енді күйеуімнің айлығы 48 мыңға өсті. Көпбалалылар алатын 21 мың теңгені ала аламын ба, білмеймін. Себебі, оған да кірістер есептеліп, шығарылады дейді. Ал, бір балаға орташа есеппен 21 мың теңге ай сайын шынында жетпейді. Себебі, қазір киім-кешек, азық-түлік бәрі қымбат», – дейді көпбалалы ана Балауса Қожакелдіқызы.

Әлеуметтік желілерде «Бұл сайлауалды жылымық» деген қауесет те желдей еседі. Осы тұрғыда белгілі ақпарат көзінде жария болған саясаттанушы Әміржан Қосановтың «Осылайша билік біраз уақыт қомақты әлеуметтік мәселелерден халықтың назарын бұра тұрмақ. Олар қоғамдағы шиеленісті бірді-екілі мәселені шешу арқылы басамыз деп ойласа, қателеседі. Қазір тұрғындар тек әлеуметтік-экономикалық мәселе көтеріп отырған жоқ, биліктің өзгермеуі, транзиттік кезең және елдің болашақ басқару формасының бұлыңғырлығы мәселелеріне алаңдап отыр» деді.

**Г. ЕРДАУЛЕТОВА.**

# АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ АРТТЫ

**Қазақстанда азық-түліктің бағасы артты. 2019 жылдың ақпан айын қаңтар айымен салыстырғанда тары – 5,3%, ұн – 3,2%, макарон мен күріш 1,7% қымбаттады. Бұл жөнінде LS порталы хабарлайды.**

Нан 1,5% қамбаттаса, ұнтақ жармасы – 1,3%, сұлы жармасы – 1%, кеспе 0,9% қымбаттай түскен. Ал қарақұмық жармасы 1,4% арзандады.

Көкөністердің ішінде қияр бағасы – 19,7%, қызанақ – 19,3%, орамжапырақ – 16,5%, сарымсақ – 4,7%, пияз – 3,4%, қызылша 1,4% қымбаттаған. Ал картоп пен алма құны сәйкесінше 0,3% пен 0,2% төмендеген.

Сол сияқты, сүт – 4,4%, өсімдік майы – 1,7%, маргарин – 1,3%, ірімшік – 1,2%, сары май – 0,8%, күнбағыс майы мен майонез – 0,4%, айран 0,3%-ға артқан.

Дәл осы кезеңде тауық етінің бағасы 1,7% өссе, балық консервісі – 1,3%, қайнатылған шұжық – 1%, жылқы еті мен жартылай кептірілген шұжық – 0,8%, қой еті – 0,7%-ға баға көтерілді.

Ендігі жерде, кешегі өткен «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының X V III съезінде айтылған Елбасының «Сонымен қатар «ақша қосылды» деген желеумен бағаның жөнсіз шарықтауына жол бермеген дұрыс. Бюджеттің әрбір тиыны халыққа жетуі керек», – деген сөзіне кереғар әрекет жасалмаса игі.



Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ОБУЧАТ БИЗНЕСУ 100 ТЫСЯЧ МОЛОДЫХ ЛЮДЕЙ

***Продолжить успешный опыт проекта «Бастау» и разработать программу «Молодой предприниматель» поручил Нурсултан Назарбаев на торжественной церемонии открытия Года молодежи «Тәуелсіздіктің ұрпақтары».***

Как подчеркнул Глава государства, в настоящее время в стране порядка 300 тысяч человек, или 9% молодежи не вовлечены в образовательную и трудовую деятельность. В этой связи необходимо предпринять эффективные меры, которые будут способствовать ежегодному сокращению данной категории молодежи. Президент отметил, что подспорьем в этом направлении должен стать проект «Бастау», который реализует НПП «Атамекен». Благодаря ему 43 тыс. жителей Казахстана смогли обучиться основам бизнеса, открыто 11 тысяч новых проектов, создано более 16 тысяч рабочих мест. «Последние два года Национальная палата предпринимателей «Атамекен» реализует проект «Бастау»… Есть ребята, которые окончили школу, но не смогли поступить в колледжи или университеты. Как они смогут узнать, каким бизнесом им заниматься? В этом поможет «Бастау», который укажет ниши и пути для получения кредита, и открытия бизнеса. Национальной палате необходимо продолжить эту работу», - отметил Нурсултан Назарбаев. С учетом положительного опыта микрокредитования и обучения Глава государства заявил о необходимости разработать во всех регионах программу "Молодой предприниматель". Для ее реализации он поручил правительству выделить 32 миллиарда тенге в 2019-2020 годы. Принимаемые меры в течении трех лет позволят обучить азам предпринимательства 300 тыс. молодых ребят, не менее 80 тысяч человек смогут запустить свое дело.

«Необходимо количество обучающейся безработной молодежи довести до 100 тысяч ежегодно. Это нам по плечу», - подчеркнул Нурсултан Назарбаев. Напомним, что проект «Бастау» реализуется в рамках Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства «Еңбек» на 2017-2021 годы. В 2018 году масштаб проекта вырос более чем в два раза: впервые были охвачены все районы, областные центры и моногорода страны. Только в прошлом году по проекту было обучено 28,3 тысяч самозанятых и безработных жителей, около 7,7 тыс человек запустили или расширили бизнес. При этом, 95% участников позапрошлого года являются действующими предпринимателями и увеличивают налоговые.

**Ш. БАТЫРХАНОВ.**

# "ОБЕЩАННОГО ДОЛГО НЕ ЖДУТ"



***Профессия пожарного, врачей или учителя можно назвать наименее уважаемой профессией в нашем обществе, особенно учитывая мизерные заработные платы, которые они получают.***

На сегодняшний день мы часто слышим возгласы недовольства учителей, чей труд оценивается минимальной зарплатой. 5 октября 2018 года народ услышал очередное послание президента РК, где говорится об одной из главных целей государства, а именно создание Общества Всеобщего Труда. Обещанная доплата в размере 30%, следует назвать вершиной айсберга. Ведь изучив все данные поглубже мы узнаем, что вышеназванную надбавку получат педагоги, прошедшие так называемую "Обновлённую программу".

Однако, сейчас наравне с минимальной заработной платой в казахстанском обществе назрела другая не менее опасная ситуация. Нехватка учителей во многих школах, в частности в небольших городах, говорит нам о спаде заинтересованности среди молодёжи профессии педагога. Возвращаясь к посланию президента, который также назвал эту проблему существенно важной, следует упомянуть необходимость популяризовать профессию педагога в обществе. Так, как же вернуть былой интерес к профессии среди молодёжи?

**КЕНЕСОВА МЕРУЕРТ**

**В ЦЕЛЯХ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ В НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА С УЧЕНИКАМИ 9 КЛАССОВ – ЧЛЕНАМИ КЛУБА «АДАЛ ҰРПАҚ». НА МЕРОПРИЯТИИ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ КАЙЫРЖАН ТОКУШЕВ, РУКОВОДИТЕЛЬ ПРОЕКТОНОГО ОФИСА «САНАЛЫ ҰРПАҚ» АГЕНСТВА РК ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ, А ТАКЖЕ РУКОВОДИТЕЛЬ ДЕПАРТАМЕНТА АГЕНТСТВА РК ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ СЕРИКБАЙ НУРГИСАЕВ.**

# СТОП, КОРРУПЦИЯ!



Встреча прошла в формате круглого стола, где каждый ученик мог дать определение термину «коррупция» и выразить свое мнение о том, как можно противостоять этому социальному злу. В ходе беседы была обсуждена работа школьного клуба «Адал Ұрпақ».

По словам Серикбая Нургисаева руководителя департамента АДГСПК по области, основными задачами добровольных школьных клубов являются формирование антикоррупционной культуры в школьной среде, поощрение инициатив по укреплению нетерпимого отношения к коррупции, участие в организации мероприятий антикоррупционного характера.

В этот день в стенах школы совместно с департаментом Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции была организована благотворительная ярмарка «киоск доверия» без продавцов и видеокамер.

**СОБ.КОРР.**

# МЕДИАЦИЯ КАК ИННОВАЦИОННАЯ ФОРМА ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

***В гражданском обществе человек воспринимается как активный субъект, способный самостоятельно отстаивать свои права интересы. Режим диалога становится определяющим для жизни в таком обществе. В связи с этим сегодня наряду с проблемой защиты прав и свобод человека остро встал вопрос о разрешении конфликтов путем перехода от состязательности к сотрудничеству.***

Мировая практика знает множество законных способов выхода из правового конфликта в обход государственной судебной системы: экспертное заключение, переговоры, переговоры с участием посредника, примирение, посредничество, посредничество арбитраж, досудебное совещание по урегулированию спора, участие в мине суде, консультирование на переговорах, оценочное посредничество, независимая оценка. Указанные процедуры имеют цель не только избежать дорогого и продолжительного судебного процесса, но и предотвратить спор на ранних стадиях возникновения путем взаимных уступок и удовлетворении интересов спорящих сторон. Появление альтернативных процедур – объективная потребность современной правовой системы. В Казахстане в настоящее время фактически действует третейские суды и формируется институт медиаторов. Медиация является одной из инновационных форм защиты прав и законных интересов субъектов правовых отношений. Медиация – понятие старое и новое, сложное и простое одновременно. Медиация – это одна из наиболее эффективных технологий разрешения конфликтов. Основным достоинством медиации перед другими альтернативными формами разрешения споров является непосредственное участие сторон в урегулировании споров при содействии медиатора. Медиатор – физическое лицо, участвующее в переговорах сторон в качестве незаинтересованного лица в целях содействия им в урегулировании спора. Он помогает сторонам в разрешении конфликта, подводит их к разрешению конфликта, которое устроило бы всех участников процесса. Решение споров с помощью посредника люди занимались еще в древние времена. Так прообразом медиации у казахов были суды биев. «Бии ни кем формально не избираются и формально, ни кем не утверждаются. Значение их основано на честном авторитете, который приобретают они так же, как в Европе поэты, ученые и адвокаты» - писал Ч.Валиханов. «Тогда правосудие, было основано на казахских обычно - правовых установлениях. Оно в руках биев, преданных справедливости, представляло лекарство от всех бед» - отмечал А.Байтурсынов. «Они стали для казахов непреходящим символом единства, их страстные речи овладевали умами потомков, как изречения священных книг. Можно много говорить о славной жизни этих трех великих людей, об их деяниях во имя чести, достоинства и священной славы народа, об их природном предводительском таланте, ораторском даре, безупречной справедливости,» - подчеркнул значение биев в развитии казахского народа Н.Назарбаев. И как часто бывает, общество возвращается к своим истокам, к тому, что делает жизнь проще, суть вещей понятнее, а человеческие отношения более прозрачными и здоровыми. Спор, разрешенный с помощью медиации, помогает сохранить любые отношения и строить их в будущем на обоюдном доверии, принимать выгодные для всех решения, так как в медиации мы не только разрешаем нашу проблему, но и учимся искусству вести переговоры с учетом общих интересов, ориентируясь на сотрудничество, а не на взаимное уничтожение. Анализ правотворческой деятельности в направлении создания и закрепления института медиации, которая предшествовала принятию Закона РК «О медиации» от 28 сентября 2011года, она позволяет сделать вывод о том, что главной целью этой деятельности является создание удобного и быстрого механизма разрешение споров, возникающих между субъектами общественных отношений, который бы отличался гибкостью и гарантировал исполняемость решений, принятых в ходе применения процедуры медиации. Другой важной целью деятельности по формированию в Казахстане института медиации являлось создание альтернативы судебной процедуре разрешения споров, что способствовало бы снижению нагрузки на суды, экономии бюджетных средств и издержек, связанных с разрешением споров, совершенствованию правовой системы и повышению качества правосудия. Медиация – это нормы, регулирующие вопросы заключения гражданского – правового договора вне суда, мировое соглашение в суде и примирение потерпевшего с подозреваемым, обвиняемым, подсудимым путем возмещение вреда. В результате заключения медиативных соглашений в суде прекращается производство по гражданскому делу, итоговый судебный акт, которым оканчивается производство, не обжалуется в суды вышестоящих инстанций. Соглашение об урегулировании конфликта в ходе судебного процесса представляется как своеобразная форма мирового соглашения. Отличается данное соглашение только по самой процедуре его заключения. Медиативное соглашение после утверждения судом становится обязательным к исполнению. Соглашение об урегулировании спора заключаются после возбуждения дела судом, то есть в рамках процессуальной деятельности суда и оформляется процессуальным актом – определением суда об утверждении мирового соглашения.

Таким образом, в нашем государстве наряду с юрисдикционными формами защиты стали признаваться также иные формы, способные защитить права человека. Несомненно, медиативная процедура способствует расширению возможности граждан и субъектов хозяйствования в выборе средства разрешения конфликтов с целью обеспечения своих прав и законных интересов. В условиях загруженности судов использование медиативной процедуры для защиты прав и интересов человека становится еще более актуальной.

**Е.А. КАСЫМОВ**
**Ведущий специалист Управления юстиции Алакольского района Алматинской области, Член Союза юристов Казахстана**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БАЛА ЖАНЫНЫҢ ҚОРЕГІ

*Халқымызда «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген ұлағат бар. Ұрпақты құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған әрі тәрбие беру жолында еш аянып қалған емес. Яғни, сәбидің болашағы алған тәрбиесіне тікелей қатысты екенін ескеріп, оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық болған.*



## ӨТКЕН ШАҚ НЕМЕСЕ БАЛА БЕСІГІНЕН БАСТАЛҒАН ӨНЕГЕ

Жалпы «тәрбие» сөзінің түп төркініне келсек, араб тілінен аударғанда, «көктету, өсіру, жетілдіру» деген ұғымды береді. Тәрбиені беру туралы әр қилы ойлар мен тұжырымдар көп.

Адамдықтың парызын перзентінің көкірегіне құйып, іс-әрекетін қадағалап отырған қазақ баласының санасына қарнының қамын емес, халықтың қамын ойлауды о бастан-ақ сіңіріп өсірген. Ұрпақ тәрбиесіне өте кірпияз қараған халқымыз дүниеге қыз келсін, ұл келсін, қуана қарсы алып, сүйіншілеп, ақ дастарханын жайған күнінен бастап, шілдехана, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойынан бастап, қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы – жанұя құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар жасау арқылы тәрбие берген. Батырлардың ерлік хикаяларымен, ертегі-аңыздармен сусындатып, жақсылыққа баулып, ата-тегі туралы әңгімелеп, адамды жақсы ететін де, жаман ететін де тәрбие екенін құлақтарына құйып отырған.

Ешқандай жоғары білімсіз-ақ тәрбие берудің небір оңтайлы әдістерін баласының бесігінен бастаған. Еңсесін түсірмеген. Басын төмендетпеген. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған. Тіпті, елден шыққан тентегіне де «Сен оңбассың, адам болмассың» дегенді бетіне айтып, тұқыртуды жөн көрмеген.

Осы қасиеттердің барлығын бала санасына ертеден құя білген қазақ халқы он бестегі ұланына ел басқартқан. Және «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген халық дана-лығын басшылыққа ала отырып, тумысынан сұңғыла, алғыр, би болуға талпынған өрімдей жастың бетін қағып, тілін байламаған. Керісінше, «Қой асығы демеңіз, қолына жақса сақа ғой, атасы бөлек демеңіз, ақылы асса дана ғой» деп билер жас балаларды билік ісіне ерте кезден-ақ араластыруға батасын берген.

Қазақтың билер тарихына көз жүгіртсек, Төле 9 жасынан бастап билер шешетін соттық істерге араласып, 15 жасында атақты би атанды. Ол кезінде 90 жастағы дана қария Жетес бидің, 100 жастағы атақты би Әнет бабанның батасын алған. «Жас та болса, бас болғандардың» қатарының көп болуы да айналып келгенде ұтымды тәрбиеге негізделген.

## ОСЫ ШАҚ НЕМЕСЕ БАЛАНЫ ДҰРЫС ТӘРБИЕЛЕУГЕ КІМ КЕДЕРГІ?

Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Сондықтан «әкеге қарап, ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген тәмсіл бекер айтылмаған. Адам өзінде жоқ нәрсені даладан іздейді. Егер сол отбасынан үйренетіндей ештеңе таба алмаса баланың көше тәрбиесіне бой алдырып кетуі оңай-ақ.

Бүгінде бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды жоғалтудың аз-ақ алдында тұрмыз. Отбасы өнегесі төмендеп, қазақ ұлтының жан-дүниесі өзгеріске ұшырады. Бар құндылықтарымызды ескермеу, мәдениеттің негізін бөлшектеу – жастардың арасындағы діннен безу, тілін қастерлемеу, ұлттық әдепті білмеу сынды жағымсыз жайттардың белең алуына алып келді.

Балалар әке наннан ауыз тигеннен соң тамақтануға кірісіп, әкелерінің ас қайыруынан соң ғана орындарынан тұрса, қазір әкесіз тамақты бастау, ерте тұрып кету



сынды жайттар қалыпты жағдайға айналды. Тасыр мінез, кеселді сөзге үйір болу, кісі бетіне, әсіресе, үлкен адамдардың бетіне тіке қарау, үлкен адамдарға жол бермеу, сөз қайтару, қоғамдық көлікте орын бермеу сынды қылықтар – тәрбиенің кері кеткенін көрсетеді.

Бұрын баланы бүкіл ауылы, руы болып тәрбиелесе, қазір ата мен әженің рөлі төмендеген. Тәрбиеге келгенде көненің үрдісінің жұрнағы да қалмаған. Шынтуайтында, Абайды тәрбиелеген Зере, Шоқанға әсер еткен Айғаным тәрбиелері сынды өнеге жоғалды. Бұл – ауылда болсын, қалада болсын байқалып жатқан соңғы құбылыс. Алдына отырғызып, еркелете ертегісін айтып, жетектеп жүргенін әжелер аз. Ал барының кейде




(әсіресе, қалалық жерде) қасынан өтіп бара жатып немересімен орысша шүлдірлесіп бара жатқанын көріп, налисың.

Күншығыс елінде Жапон халқы бала тәрбиесін басты орынға қояды, балабақша немесе бала күтушілердің көмегіне жүгінбейді. Ал біздегі әркім өзінің жан тыныштығын ойлайтын жұмысбасты қоғамда баланы шал мен кемпірдің бауырына бастық деп алып, тентегінен «тексіз» қылық көре қалса бар кінәні «шал мен кемпірдің» тәрбиесіне арта салатындарды көріп-ақ жүрміз.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романында: «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларға әжелері, не шешелері ертегі айтып бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» деп толғанғаны да осыдан.

Бала тәрбиесінің күрт төмендеуінің басты себептердің бірі ретінде пайдалы ақпаратпен қатар зиянды ақпаратты да қамтыған ғаламтордың қолжетімділігін айтуға болады. Теледидар мен ғаламтор – баланың бүгінгі тәрбиешісі айналды. Ақ пен қараны айыра алмайтын жасөспірімдердің теледидар мен ғаламторға таңылып, зиянды ақпаратты еш сүзгіден өткізбей қабылдауы баланың дүниетанымына, психологиясына, тәрбиесіне кері әсерін тигізуде.

Қай баланы алып қарасаң да «Фиксики», «Винкс», «Человек паук», «Спондж боб» деп батыстан келген мультфильмдерді тамашалап, жаңа жылда (онда да жыл басы – Наурызда емес) сол мультфильм кейіпкерлері болып киініп, үлгі тұтады. Шындап келгенде, баланы кінәлауға қақымыз да жоқ қой. Өйткені, өзіміздің төл дүниелерімізді насихаттап, патриоттық сезімін оятуға әлі де енжарлық танытып отырған жоқпыз ба?

Соңғы кездері қоғамда жастар арасындағы суицидтің артуы, балаларын далаға тастауы, өлімге қиюы, өзін мәпелеп өсірген ата-анасына қарсы шығуы секілді небір азғындық әрекеттердің көбеюі бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі құрдымға кеткенін көрсетіп отыр. Сонда қисық өскен тал-шыбықты кім тезге салып түзетеді?!

## СӨЗ СОҢЫ НЕМЕСЕ ДАЛА АКАДЕМИКТЕРІНІҢ ІЗІМЕН...

Ұлттық тәрбиенің құдіретін қанша айтсақ та, түгел айту мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бұла кезіннен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. М. Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек», – дегені де осыдан.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасаған біздің халқымыздың тәрбиесінің құлдырауына не кедергі? Сылтауымыз жетіп артылады. Иә, бодандықтың әсері дедік. Иә, революцияның әсері дедік. Иә, азаттықтың алғашқы жылдары дедік. Сыныққа сылтау іздеп жүргенде тәрбие құлдырап кетті. Тіпті, әлемде теңдесі жоқ тәрбиесі бар ұлтымыздың дәстүрін насихаттап, өзге елге жалпақтауға тоқтатау салатын уақыт өтіп кеткен жоқ па дейсің.

Ел басқарған, жол бастаған батыр да дана азаматтарымыздың өнегелі істерін бүгінгі күні қалай қолданамыз? «Қызға қырық үйден тыйым» салған, ауылдың көркі, береке-бірлік пен татулықтың ұйытқысы» болған Айша Бибі, Баба әже, Домалақ Ана, Қызай ана, Абақ, Мұрын сынды аналардың ұлағатты істерін қалай жалғастыруға болады? Осы сұрақтарға жауап іздеу арқылы төмендегі ой көкейге ұялайды

«Не ексең, соны орасың» дегендей, өз ұлтын, отбасын, жерін, елін сүйіп өсер азамат болып тәрбиеленуі үшін, бала өз ана тіліндегі балабақшаға бару қажет. Ойнайтын ойыншықтары ұлттық сипатта болу керек. Кез келген ата-ана баласына үй тәрбиесінде ұлттық құндылықтармен, даналықпен, дәстүрмен сусындатқаны жөн. Әрі осы айтылғандардың ең бастысы, тәрбиені сөзбен емес, іспен көрсету болмақ.

Оннан асысымен қозы жасына, отау иесі делінетін қой жасына, белі бекіп, қабырғасы қатқан кемел кезі – жылқы жасына сай баласын ерекше тәрбиелеген бабаларымыздың үлгілі тәрбие беру жолындағы ізгі істерін тауысып айта алмаспыз. «Ер баланы алты жасқа дейін хандай көтер, сыйла. Алты жастан он алты жасқа дейін құлша жұмса. Он алты жасқа толғасын досыңдай сырлас, сыйлас» деген тәмсілдің өзі түсінген кісіге үлкен ой саларлық сөз...

Айтылғандарға зер салыңызшы, балаға дұрыс тәрбие берудің соншалықты қиындығы жоқ. Оңай деуімізге не себеп? Себебі, салған сара жол, дұрыс із бар. Бар болғаны: Дала академиктерінің заңына бас иіп, қажетіне жарату.

Баланы ана құрсағында жатқанда тәрбиелемесең кешігесің дейтін елдің бүгінгі бет-бейнесі кері құбылды десек те, айналып келгенде ештен кеш жақсы емес пе? Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

**Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖОБА АЯСЫНДА



***Алматы облысы – ірі аграрлық өңірлердің бірі. Ондағы суармалы жер жалпы егістіктің 45 пайызын құрайды. Дей тұрғанмен, аймақта су ресурстарын толық қамтамасыз ете алмайтындықтан суармалы алқап бұрынғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай азайған. Мәселен, 1991 жылы суармалы жер 633 мың гектарды құраса, өткен 2018 жылы 579 мың гектардың айналасында болған. «Суармалы жердің азаюына, біріншіден, жаһандық климаттың өзгеруі, екіншіден, су жүйелерінің әбден тозып, істен шығуы басты себеп» – дейді мамандар.***

# СУАРМАЛЫ ЖЕР КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙТЫЛМАҚ

Бүгінде Жетісу өңіріндегі суармалы жерлерді ұлғайту мақсатында ескі су жүйелерін жаңғыртып, қайта қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынуда. Оған «Қазсушар» мемлекеттік кәсіпорнының Талдықорғандағы Алматы филиалының қосып отырған үлесі зор. Аталған кәсіпорын филиалының инженер-гидротехнигі Әсем Нұрланқызының мәліметінше, облыстағы су шаруашылығын бір орталықтан басқару Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы №616 арнайы қаулысымен бекітілген. Ережеге сәйкес, аймақтағы 16 аудандық су шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарын республикалық меншікке қабылдау туралы қаулы әзірленген.

Осы игі бастаманың арқасында алғашқылардың бірі болып Ескелді ауданының су нысандары пилоттық жоба аясында республикалық меншікке өтіп, ондағы 288 шақырымды құрайтын су жүйесін қалпына келтіру жұмыстары басталған болатын. Жобаға шетел инвестициялары тартылып, яғни Ислам Даму Банкі арқылы қаражат қарастырылған. Суармалы жүйелерді қалпына келтіру арқылы пайдаланбаған жерлерді ауылшаруашылығы айналымына енгізу көзделген. Бұл бағыттағы жобаға Талдықорған аймағының Ақсу, Алакөл, Ескелді, Ұйғыр аудандарының су шаруашылығы нысандарын республикалық меншікке өткізу көзделген.

Осыған байланысты, облыста 2011 жылдан бастап «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалдары біраз жұмыс атқарады. Онда ауыл шаруашылық дақылдарын суару кезеңіне дайындау, су жүйелерін ағымдағы жөндеуден өткізіп, қалпына келтіру арналарды тазалау ісі күнделікті күн тәртібінде. Сонымен қатар, көктемгі су тасқынын алдын-алу іс-шараларын белгілеп, уақытылы жүзеге асырылуда. Нәтижесінде, суармалы жерді игеру біршама жақсарып, пайдаланушыларға су қажетті көлемде беріліп келеді. Бұл күз мезгілінде диқандардың мол өнім алуына жол ашады.

Қазіргі таңға облысымыздың істен шыққан 126,6 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру бағытында Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасына енген маңызды су құрылысы жүргізілуде. Соның бірі – Қызылағаш су қоймасы. Оған 2016 жылы республикалық бюджеттен 5,9 миллиард теңге қаражат бөлініп, бөгет құрылысы жаңадан салына бастаған. Қазір ондағы жұмыс аяқталуға жақын.



*Алматы облыстық «Қазсушар» мемлекеттік кәсіпорнының инженер-гидротехнигі Әсем НҰРЛАНҚЫЗЫ.*

Қоймаға жалпы 42 миллион текше метр су сақтауға болады.

Сонымен бірге су сыйымдылығы 22 миллион текше метр болатын Бүйен су қоймасының құрылысын аяқтау және Сарқан ауданында орналасқан Покатилов су бөгетінің құрылысын жүргізу жоспарда бар. Аталмыш нысандар пайдалануға берілгенде осы аумақтың өзіндегі 27,3 мың гектар суармалы жер айналымға енгізіліп, ауданда көптеген жаңа жұмыс орындары ашылады деп күтілуде.

**Айдын КӘЛІМХАН.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

# ҚАЗАҚ ПЕН ҚАЗАҚ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕССІН

***Тіл мен егемендік – егіз ұғым. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз Н. Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес.***

Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Бір жағынан әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата-анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

Бірақ, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуы әлі де болса кешеуілдеп тұр.

Расымен де ата-бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан әле-өлгенше қорғап өтті емес пе? Осыған бас ауыртатын ұлт жанашырларының саны қазіргі кезде некен-саяқ. Себебі, көшеде бір қателіктер көріп жатсақ, үйреншікті нәрседей, бейқам жүре береміз.

Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Алайда осыны ескермей орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама? Кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқассыз аударылып, есіктеріңде іліпі тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

Өзгенің құлы емес, өз еліміздің ұл-қызы болайық, өзгенің емес,өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық.

**Е. ҚАЗБЕК,**
**Талдықорған қаласының мамандандырылған тергеу соты.**

БАЙҚАУ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Startup Academy ZHGU» базасында Алматы облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы және Алматы аймақтық РМД «Жаңғыру жолы» штабымен бірлесе отырып, жас ғалымдар арасында «Менің бастамам – 2018» инновациялық идеялар байқауын өткізді.

Мұнда суденттердің, магистранттардың, докторанттар мен университеттің жас ғалымдарының ғылыми-инновациялық қызметін насихаттау және ынталандыру мақсатында озық зерттеулер мен әзірлемелер дайындалады. Дарынды жастарды анықтау және қолдау таныту үшін жағдай жасап жатқан ғылыми зерттеулер нәтижесін коммерциялау офисінің директоры Дигай Дамир Анатольевичке және сарапшысы Аманбекова Балжан Бауыржанқызына



*«Жылыжайда «Мейер лимон» сұрыпын егу және өсіру технологиясын жетілдіру» атты жобасының марапатталуы. Н. Шаймұқашева және жетекшісі А. Акмуллаева*

# МЕНІҢ БАСТАМАМ – 2018

алғысымыз шексіз. Жылдағы жоспарлары бо-йынша былтыр да осы бағыт қолға алынып өз жұмыстарының жемісін көруде. Сол жайында айта кетсек.

Байқау 3-этаптан тұрды: бірінші этапта барлығымыз сұранысымызды бердік, одан комиссия құрамдары іріктеп алған жобалар екінші этапқа өтті.

Жобалар әр түрлі бағыттар бойынша ұсынылды: экономика, ауылшаруашылығы, IT технологиялар, физика, тамақ өнеркәсібі, медицина және т.б. Жас ғалымдар түрлі инновациялық макеттер, жобалық үлгілер мен өз стартаптарының үлгілерін ұсынды. «Менің бастамам – 2018» инновациялық идеялар байқауының соңғы кезеңінің қорытындысы бойынша 60 стартап-жоба қатысты.

Соның ішінде Биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының агробиотехнология зертханасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты Акмуллаева Айжан Сейтқановнаның жетекшілігімен Тлеуханова Меруерт, Абсейтов Төлеген, 1-курс магистранты Смадилова Айгерім «Жылыжайда көкөніс дақылының өсіру технологиясын жетілдіру және зиянкестерден қорғауда биологиялық әдісті қолдану» және Шаймұқашева Назерке «Жылыжайда «Мейер лимон» сұрыпын егу және өсіру технологиясын жетілдіру» атты жобаларын қорғады. Н. Шаймұқашева финалға жолдама алып «Үздік агроэкология» номинациясымен марапатталды.



*«Менің бастамам-2018» инновациялық идеялар байқауының соңғы кезеңіндегі 60 стартап жобасын марапаттау сәті*

**М. ТЛЕУХАНОВА,**
**І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің 3 курс студенті.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru




# ҰСТАЗДЫҚ үлкен шабытты талап етеді

***Газет редакциясы орналасқан ғимаратта ерсілі-қарсылы сабылысқан оқушылардың бейнесін көріп, өзіңіздің қайғысыз-қамсыз шағыңызды еске аласыз. Сосын келіп, қайырылмасқа кеткен бейғам шақты қайрандайсыз. «Ustudy» деген маңдайша жазуы бар орталықтың есігінен үңілгеніміз сол екен, әсте қамсыз жүрген оқушыны көрмедік. Сөйтсек, сапа мен санның, бақ пен баптың аражігін ажырататын ұлттық бірыңғай тестілеу деп аталатын сынақ дайындығына кіріскен оқушылар екен. Осы тұста «Ол не қылған орталық? Көк қағазды көздеген айлалының кәсібі ме, жоқ, оқушыға пайдасы бар орталық па?» деген көкейдегі заңды сауалдың қылаң бермесі бар ма? Бақсақ, өзіндік тәртібі мен талаптары бар, сапаға баса мән беретін ұжым екен. Көңіліміз көншіген соң, ғимаратты аралап көріп, Жұмаділ Шалғынбаев есімді директордың орынбасарын сөзге тартып, сұхбат құрдық.***

**– «Ustudy» онлайн тестілеу орталығы кімнің идеясымен және қашан құрылды?**

– «Ustudy» оқыту орталығы бүкіл Қазақстан бойынша жұмыс істейді. Алғаш рет Алматы қаласында 2009 жылы ашылды. Ол кезде тек қана мектеп оқушыларынан сынақ тестін алумен айналысатын. 2016 жылға дейін нәтижелі жұмыстар атқарып келді. 2013 жылы ашылған Тараз қаласындағы «125» атты білім беру орталығымен қосылып, 2016-2017 жылдарында еліміздің 16 ірі қалаларында «Ustudy» орталығы өз жұмысын бастады. Яғни, екі ірі оқыту орталығының бірігуімен өмірге келген. «Ustudy» орталығының бас директоры Жанат Рахмани мен «125» орталығының басшысы Әлібек Есенов еді. Екеуі де – белгілі кәсіпкер. Инвестор тартып, орталық ауқымын кеңейтіп, әлі де бірігіп жұмыс атқаруда.

**– Осы оқу орталығында оқитын оқушылардың білім деңгейі, пайыздық көрсеткіші қандай?**

– 2017 жылы грантқа түсушілер саны 90%-ды құрады. Ал, 2018 жылы 94%-ға өсті. Оқу жылының басында, яғни қыркүйекте орталыққа қабылданған оқушы маусым айында жақсы нәтиже көрсетіп, жоғары оқу орнына грантпен қабылдануы тиіс. Біздің мақсатымыз – осы. Бір жылғы көрсеткіш – келесі жылға жарнама.

**– Талдықорған қаласында бұдан өзге «Арай» білім орталығы, республикада «Edtech», «Достық» секілді тестке дайындау орталықтары бар. Ал, «Ustudy»-дің олардан қандай артықшылықтары бар? Өзгелермен бәсекелес бола ала ма?**

– Өзге де орталықтармен араласып, тәжірибе алмасып тұрамыз. Біздің айта кетерлік бір артықшылығымыз, балалар сынақ тестін компьютерлік диагностика арқылы тапсырады. Оларды бақылаушы – камера. 150 оқушы сынақ тапсырса, оны бақылайтын бір адам жеткілікті. Оның өзі бейнебақылау камерасын қадағалап отырады. Кейбір орталықтарда әлі күнге дейін қағаз жүзінде тапсырып, оны бірнеше адам бақылап отырады. Тағы бір қолайлылығы қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік бар. Мәселен, бір оқушы математика пәнінен 3-сұрақтан мүлт кетсе, бұл тақырып 8 сынып математика оқулығының 155 бетінде бар, қайталап оқы деген хабар беріледі. Оқушының ізденуге арналатын уақыты осылайша үнемделеді. Бұл тестілеуде ғана кездесетін артықшылық делік. Ал, білім беру жүйесінде өз ұстанымымыз бар.

Соңғы кезде мынандай бір оқиғамен жиі кездесіп жүрмін. Бізге ата-анасы мен бала келеді. Оқушыны әңгімеге тартып, қандай мамандық таңдағанын сұраймын. Мысалы, «Логистика» дейді. Олар немене айналысады десем, оқушы үнсіз қалады да, анасы жауап береді. Соданақ, байқауға болады. Балалардың 60%-ы ата-ананың қалауымен, ықпалымен ғана мамандық игеруге мәжбүр. Ал, ондай мәжбүрлікпен оқыған баланың оқуға деген қызығушылығын ояту қиын. Тіпті, жақсы нәтиже көрсетпеуі де мүмкін. Себебі, ол жүрегі қаламаған дүние. Сондықтан, менің алғашқы міндетім – баланың арман-мақсатын, қызығушылығын айқындау. Оны дұрыс бағытқа сілтеген соң ғана, білім беру мәселесіне тоқталуға болады.

Кейбір оқушыларды өмірдің шындығы армандауға мұрса бермейді. Дәрігер боламын десе, ата-анасының «Олардың айлығы аз», мұғалім боламын десе «Мұғалімнің жұмысы ауыр» деген сынды кедергі пікірлерді жиі естиді. Өткен жолы бір оқушы аспаз болғысы келетіндігін айтты. Ал, анасы «Қарағаш» сауда үйінде аспаз болайын деп пе едің?» деп кесіп айтты. Бұл маған да, балаға да ауыр тиді. Мен ғаламтордан анасына «Мишлен жұлдызын» иеленген аспаздар туралы көрсеттім. Соншалықты арланатын жұмыс емес екендігін дәлелдегім келді. Біздің қоғамның проблемасы да сол, үнемі жаман тұсын көруге асықпыз. Естуімше, басқа орталықтарда мұндай ұстаным жоқ секілді. Бала қай арнаны таңдағанын айтса, соған бағыттап салады. Пікірімен санаспайды, оның нені қалап, нені қаламайтындығын сұрамайды. Мен өз жұмысымды жақсы көретіндігім де содан болар. Кәсіппен айналысатын кейбір достарым ұсыны білдіреді, бірігін кәсіп бастайық дейді. «Сен немен айналысасың?» – десем, «Мен парфюмерия сатамын» – дейді. Сонда «Сенің кәсібіңде бір шикілік шықса, не болады?» – деп сұрасам, достарым: «Сауда көлемі азаяды, екінші менен сатып алмайды» – дейді. Мен «Ал, менің жұмысымнан бір шикілік шықса, бір отбасы болашағының бұлдыр болу ықтималдылығы зор» деймін. Енді, өзіңіз де айырмашылығын бағамдап көріңіз. Екеуміз де өзімізге ұнайтын іспен айналысудамыз, алайда екеуінің қоғамға берері екі түрлі.

**– Орталықтың негізін қалаушы Ж.Рахманидың пікірінше, 10-11 сынып оқушылары үшін мектептің айтарлықтай қажеті шамалы. Оқушы ол уақытта үлкен өмірге бейімделуі қажет дейді. Сіздердің орталықта базалық білімнен бөлек, оқушыларға рухани қолдау көрсетіле ме?**

– Бізге алғаш рет келіп сынақ тестін тапсырған оқушы өз деңгейін анықтаған соң дегбірсізденіп, «Мен үлгермеймін. Мен ештеңе білмейді екенмін» деп мазасыздана бастайды. Сол кезде біз дереу психологиялық көмек көрсетуге тырысамыз. Өтпелі кезеңдегі оқушылардың назары әр нәрсеге ауып, сабақ оқуына кедергі болатын жайттар бар. Сол аталған кедергілердің алдын алып, әрбір куратор оқушымен жеке жұмыс жасайды, сырласады, алаңдатып жүрген мәселелерін талқылайды. Тіпті, кейде кабинетіме келіп, жеке бас «мәселесін» айтатындар бар. Ол қуантарлық жағдай. Себебі, бала бізге үлкен сенім артады деген сөз. Достары мен ата-анасына айта алмайтын сырларын бізбен келіп бөліседі. Біз сол екі заман арасындағы, яғни 1970-80 жылдары өмір сүрген ата-ана мен 2000 жылдары өмірге келген бала арасындағы алтын көпір болуды мақсат тұтамыз. Ана мен бала арасындағы махаббатты нығайтуға күш саламыз. Айына бір рет міндетті түрде мамандыққа, өзін-өзі жетілдіруге, психологияға байланысты тренингтер өткізіледі.

**– Оқытушы мамандарды қандай талаптарға сүйене отырып жұмысқа қабылдайсыздар?**

– Біз жұмыс жасауға ниетті кандидаттарға арнайы тест ұсынамыз. Әңгімелесуге келген мұғалімді еш сөзге тартпастан білімін тексеру мақсатында тест тапсырмасын береміз. Жауап нәтижесі шекті мәні 95-тен асса ғана әңгіме жүргізіп, қырларын, қызығушылығын ашуға тырысамыз. Олай ететін себебіміз, тәжірибе көрсетті. Кейбір сөзге шешен мұғалімнің білім беру деңгейі аз болуы мүмкін. Ал кейде, көп ашылып сөйлемейтін мұғалімнің оқыту методикасы ерекше болады. Іріктеуден өтсе, сынама ретінде сабақ өткізуін бақылаймыз. «Сіз неге басқа жерде емес, бізде жұмыс жасағыңыз келеді?» деген сауалға әркім әрқалай жауап береді. «Бұл жердің жалақысы жақсы» десе, «Сау болыңыз!» дегеннен басқа айтарымыз жоқ. Ал кейбірі, «Мен мұғалімге артылатын артық жүктемелерден шаршадым. Маған тек оқушы және тақта мен бор керек. Мен тек үйретуді ғана қалаймын. Нәтижесін кейін көресіз» деп келсе, қуана қабылдаймыз. Бүгінде орталықта 200-ден астам оқушы бар, ал оқытушылар саны 20 шақты. Бір топта 14 оқушы бар. Бір пән 80 минутқа созылады. Оқу ақысы – айына 27 мың теңге.

**– Неліктен оқушылар ақылы түрде қосымша білім алуға мәжбүр? Неге мектеп олардың қажеттілігін қанағаттандыра алмайды?**

– Мен де сіздің ойыңызбен келісемін. Ата-аналардың ақшасы жетпесе де баласының білім алуы үшін барын аямай жатқанын көргенде жүрегім ауырады. Ең өкініштісі, мұғалім мектепте сабақ оқыту үшін ғана жұмыс істемейді. Олардың қосымша міндеттемелері бар. Мектепке тексеру комиссиясы немесе беделді адамдардың бірі келетін болса, дастарханын жайып, жағдайын жасайтын мұғалім. Партиялық ұйымдардың да жұмысын атқаратын мұғалім. Тіпті, Астанада болған қайғылы оқиғадан соң, әрбір мұғалімге оқушыларының үйлерін аралап, тұрмыстық жағдайын бақылау жұмысы жүктелді. Ол мысалы, физик мұғалім. Ана жақта сабақ үйренуі тиіс 7-сынып күтіп отыр. Оған қоса, күнделіктің де 4 түрі бар. Оларды толтыру керек. Негізі, ұстаздық деген – үлкен шабытты талап ететін мамандық. Олар балаға креативті түрде білім беріп, бала психологиясына оң әсерін қалдыруы керек адам. Алайда, ана шараға да қатысып, мына жиынның да қалмауға мәжбүр. Айналып келгенде, ондай шабытқа мұғалімнің энергиясы қалмайды. Күші сарқылады. Бірде басқа аймақтағы қалаға барғанымызда, мектеп директорларымен кездесіп, түскі ас ішіп отырғанбыз. Сол өңірдің беделді бір адамы болды арамызда. Білім жүйесі және мұғалімдер туралы сөз болғанда, отырғандардың бірі «Менің балам білім беру орталығында 3 ай дайындалса да грантқа түсе алмады. Сол орталықтардың пайдасы жоқ. Жауып тастау керек» деген пікір білдірді. Қалғандары да қостап, сөзін растады. Орталықта оқығандардың шамамен 10%-ы оқуға түсе алмай қалады. Сол 10 пайыздың ішіндегі оқушылар болар деп топшыладым. Мен оған дейін үндемей, әңгімеге араласпай отырған едім. «Кешіріңіз, сіз 4 ай қосымша сабақ алып грантқа түсе алмады деп отырсыз ба, әлде 11 жыл мектепте оқып грантқа түсе алмады деп өкініп отырсыз ба?» деген сұрақ қойдым. Біздің орталықта 6 ай оқыған баланың оқуға түсу мүмкіндігі 90 пайызға артады. Сондықтан, нәтижені іспен дәлелдеуді жөн көреміз. Қазақстанда білім беру жүйесінде үлкен мәселе бары жасырын емес. Бір жылдары Үндістанға жұмыс барысымен бардық. Үндістердің шамамен 180 миллион оқушысы бар. Жыл сайын 8 миллион оқушы мектеп бітіреді. Білім министрлігі 2 қабатты қарапайым ғимаратта отыр. Тіпті, біздің ауыл әкімдігінің ғимараты одан он есе артық. Сол аядай жерде отырып, 180 миллион оқушының білім беру жүйесін басқарып отыр. Кешегі күні Білім және ғылым министрі ауысты ғой. Биыл болмаса да, келесі жылы жақсы өзгерістер болатын шығар деген үміт артамыз.

**– Орталықта қазақ және орыс сыныбы оқушылары болса, қайсысының саны басым?**

– 100 пайыз қазақ мектебінің оқушылары. Орыс тобын әлі күнге жинап көрген емеспіз. Талдықорғанды қойып, халықтың 60%-ын орыс ұлты өкілдері құрайтын Өскеменнің өзінен орталықта орыс тобы болған емес. Мәселе, менталитетте болар. Мен кезіктірген орыс тілді оқушылардың басым бөлігінде «Мен өзім дайындаламын» деген ұстаным болды. Ал кейбірі «Мектеп бітірген соң әскерге барамын. Келген соң әкеммен бірге көлік жөндеу орталығын ашамын» дегенді айтады. Олар біз қарапайым деп санайтын кәсіпті игеруге бейім. Бірі электрик, бірі сантехник деген секілді. Ал біздің қазақтың балалары «креслоға» жақыныраң келеді, міндетті түрде жоғары білім алуды дұрыс көреді.

**– Байқауымша, ішкі тәртіп мәселесі дұрыс жолға қойылған секілді...**

– Орталықта тестілеу барысында төмен нәтиже көрсеткен оқушы «қызыл тізімге» енеді. Ескертпе беріледі. Кураторлар сол оқушымен жекелей жұмыс жасайды. Тағы бір мәрте сүрінсе, оқушымен қоштасуға тура келеді. Оны кейбірі «Орталықтан шығарып жіберді» деп, қатаң сын ретінде қабылдайды. Керісінше, оқушыға біздің көмегіміз тимеген соң оның қоштастық. Яғни, өз қателігімізді мойындадық. Ата-анасын шақырып алып, «Кешіріңіз, балаңызға көмектесе алмадық. Бізге бекер ақша жұмсағанша, жекелей оқытатын оқытушыларға бергеніңіз жөн. Мүмкін балаға топпен бірге жұмыс жасаған қолайсыз болар» деп мән-жайды түсіндіреміз.

Тәртіпке қатаң қараймыз. Тәрбие мен білім ұшақтың қос қанаты секілді. Бірі болмаса, құрдымға кетеді. Сондықтан, тәрбие үйден, білім бізден деген ұстанымды ата-аналарға ескертеміз. Орталықта қыз балаларға ашық-шашық киінуге, шашын жайып жүруге тыйым салынған. Жасырары жоқ, жас жеткіншек болғасын қыз балаға көз салып, қыздардың бой түзейтін шағы. Сондықтан, балалардың назары оқудан басқа ешнәрсеге аумауын қадағалаймыз. Дегенмен, арасында бір рет өзіміздің бақылауымызбен балаларды демалту мақсатында іс-шаралар ұйымдастырып тұрамыз. Мәселен, былтыр компанияның туған күніне орай мейрамхананы түгелдей жалға алып, би кешін ұйымдастырдық. Мұндай демалыс балаларға, әсіресе оқу барысында үлкен стрессте жүрген оқушыларға керек-ақ.

**– Еңбектеріңіз жемісті болғай. Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбаттасқан Данагүл БЕРЕКЕТ.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



# Қашқын

**Басы өткен санда.**

– Адасып кеттім... Адасып кетіп қайта тірі қалыпсың. Бұл жерден адасқан адам тірі келген емес. Су ішері бар мына сен секілді мыңнан бір адам ғана тірі оралады. Тағы да ескертем, бұл жерден тек ажалына асыққан адам ғана қашады. Сонымен осыншама уақыт қайда жүрдің? – деді Әбіламет.

Сағидолла:

– Сонымен біраз ұзап шыққан соң қайдан келіп, қайда бағыт аларымды білмедім. Ақыры басым ауған жаққа қарай беттеп, күндердің бірінде Қарашәріге жеткенімді бірақ ұқтым. Одан әрі алысқа бара алмасымды біліп, өзім де қайтып келейін деп жүргенде сол жердегі көпірде қолға түстім. Бұл тек жер сырын білмей, адасып кетуден болған оқиға. Көңілімде қашып кетейін деген ой мүлде болған емес. Болған жайды Қарашәрі көпіріндегі тергеушілерге де толық айтып, тергеу қағазына қолымды да қойып бергенмін. Оны құрығыңыз ұзын өзіңіз де сұрастыра жатарсыз. Мен өз қателігімді мойындаймын. Әрі сізден басымды иіп кешірім сұраймын. Енді атсаңыз да, шапсаңыз да өзіңіз білесіз. Бар шындық осы, – деп, болған болмысты бүкпесіз жайып салғандай сыңай танытты.

Сағидолланың осыған дейін ұйғырлардан көрген қорлығын, жеген таяғын былай қойып, оның мақтауын асыруы алдағы күнкөрісі үшін. Ал өзінің қазақтарға деген өкпе-ренішін айтып, өзін олармен мүлде араз адам етіп көрсетуінде де үлкен мән бар. Бұл оның ешкімге кесірімді тигізбей, не көрсем өзім ғана көрейін дегені. Оның мұндай адалдығын ешкімді араға салып, жығып бермейтінін, турашылдығын саптастары да жақсы білетін. Бұл күнгі тергеуде Әбіламет артық қинау көрсетіп, дөрекілік танытқан жоқ. Керісінше, Сағидолланың мақтауынан кейін жібіп сала берді. Әредік күзетшілерді шақырып оның қол-аяғындағы кісенін алғызып, еркін отыруына да мүмкіндік берген. Бұл Сағидолла көріп келе жатқан неше түрлі тергеулердің ішіндегі ең бір жеңіл әрі әңгіме түрінде өткен тергеу болды. Сағидолланың берген әр жауабы толық қағаз бетіне түсіріліп, соңына бармағын басып, қолын қойғызған соң алып кетті. Ендігі шешім Әбіламетте.

Келесі күнгі таңғы астан кейін Сексентам жаза лагеріндегі барлық жазасын өтеушілерді түгел жинап, Әбіламет мінберге шықты. Сарбаз біткен сапқа тұрып, айналаны тегіс қоршауға алған. Қабақтары қатулы, қимылдары ширақ. Көп алдында басын төмен салып Сағидолла тұр. Тесіле қараған көзін жерден бір алған жоқ. Аяқ-қолында ауыр кісен. Қозғала қалса шалдыр-шалдыр етеді. Бір қуанарлығы – бүгін оның мойнында көпке үрей тудырған ажырғы тақтай жоқ. Демек, ол өлім жазасынан ада деген сөз. Бірақ ендігі тағдыры не болмақ? Тағы қанша жыл арқалары бір құдайға ғана аян. Сағидолла басын сәл көтергенде қарама-қарсы тұрған саптастарын көріп, жүзінен ерекше бір бауырмалдықтың жылы лебі бір шалықтап өткендей болды.

Әбіламет сөзін көп созған жоқ. Алдымен түрмедегі жалпы жағдайды, қатаңдатылған тәртіп-түзімді қысқа ғана бір шолып шықты. Сосын басқосудың бас кейіпкері Сағидолла мәселесіне ойысты. Алғашында бәрін қырып-жойып жіберетіндей сұсты бейнемен сөз бастаған ол сөйлей келе сәл бәсеңдеп, сабасына түсе берді. Сағидолланың жоғалу себебін, тергеу қорытындысын тәптіштеп бір түсіндіріп шықты. «Бұл жолы түрмеден қашу деген Сағидолланың ойында мүлде болмаған. Себебі, оның өз түрмелестеріне кішігірім өкпе-реніші болғандықтан оларды бір күн ашықтыру мақсатында азығын алып кеткен. Соның салдарынан адасып, Қарашәрі аумағында қаңғырып жүрген жерінде қолға түскен. Мұны тергеу нәтижесі анық айғақтап отыр. Оның үстіне осындағы тергеу мен Қарашәріден жіберілген тергеу қорытындысы бірдей шықты. Ол құжатта да Сағидолланың адасып барып қолға түскені анық айтылған» деп Әбіламет сөзін қысқа қайырды. Әбіламет сөзін аяқтай салысымен, жергілікті соттың өкілі айыпкердің бұрынғы он бес жылдық жазасы еш өзгеріссіз қалатынын жеткізді. Десе де, оның мемлекет заңын көзге ілмей қаңғырып кетіп, түрме тәртібін өрескел бұзғандығы үшін ішкі жаза қолдану Әбіламетке жүктелгенін айтты.

Бұл өзі ешкім күтпеген жаңалық болды. Сағидолланың іштей тебіренісі мен шаттығында шек жоқ. Ол да жаза бұлайша жеңіл болады деп еш күтпеген. Өзі болса бұл жолы жаза мерзімі кемінде тағы бес жылға ұзартылады-ау деп ойлаған. Бірақ, бар шешімді өзі шығарған Әбіламет оған бір жыл бойы қол-аяғы кісендеулі күйі еңбекке айдалып, қатаң бақылауда болатынын ескертті. Оған қолданған жаза осы болды. Сағидолла бұрынғы жылдарының үстіне тағы да жыл жамалмағанына қуанды. Әрі ол көпшілік алдында бұдан былай өзінің тәртіп бұзбай, түзелетінін айтып серт берді.

Байырғы шөл... Байырғы еңбек... Сағидолла ауыр кісенмен еңбекке жегілгелі де екі айдан астам уақыт зулап өте шыққан. Ұйықтаса да сол кісенмен ұйықтайды. Күн де жалындайтын. Күнмен бірге жалындаған шойын шынжырлы кісен де аяқ-қолын қарып, әбден діңкелететін. Соңғы кездері Сағидолла жиналыс сайын елдің алдыңғы қатарына барып жайғасып алып, Әбіламеттің аузынан шыққан әр сөзді қағып әкетіп, қостай жөнелетінді шығарған. Үнемі берілген тапсырмаларды зер сала тыңдайтын зерек жандай кейіп танытып, ұйғыршалап: «Бұл кісі өте дұрыс айтады. Ал мен болсам болымсыз іске бола өз қандастарыма өкпелеймін деп қазір опық жеп жүрмін. Амалым қанша? Өзіме-өзім істедім. Сол кезде Әбіламет басшының ақылын құлақ салып тыңдаған болсам, мұндай хәлге мүлде түспеген де болар едім» – деп, үнемі өкінішін білдірген сыңай танытатын. Осыдан бастап ол күнделікті Әбіламеттің мақтауын асырып, тасын төрттен қоюдың қас шеберіне айналды.

Мұндайда саптастары мен жерлестері жиналыс тарай салысымен Сағидолланың сөзін сан-саққа жүгіртіп, әзіл-қалжыңға айналдырып әкететін.

– Жаның шыққыр, Әбіламетті мақтағанда бетің бір бүлік етпейді-ау сенің, – десе, енді бірі:

– Мұның айтқанына ол мәңгүрт мәз-мейрам болып, өзінен басқа жан жоқтай шалқалайды. Осы сенің тағы қандай сұмдық бастағалы жүргеніңді кім білсін? – деп, бірінен соң бірі іліп әкетіп мысқылдайтын.

Таң алдындағы елдің тәп-тәтті бір ұйқыдағы кезі. Аула ішінен әлдебір адамның жылаған дауысы естіліп, айнала ұлар-шу болды да кетті. Үрейлі үннен селт етіп оянған Сағидолла басын жастықтан жұлып алды. Үй іші жап-жарық. Бөлмеде өзінен басқа жан қалмапты. Сасқалақтаған ол жанында жатқан бала Керейханды іздеп: «Керейхан, Керейхан!» деп бірнеше рет дауыстап шақырды. Бірақ бала жоқ. Жалаң аяқ, жалаңбас, кісенін шылдырлатып есікке қарай ұмтылды. Үстінде түрменің нөмірлі киімі. Есік алдында топырлаған қалың адам. Топ ортадан мұңлы әйелдің жылған даусы шығады. Сағидолла алғашында белсенділердің бірі Керейханды сұлатып салған-ау деп ойлап, тез жетуге асыққан. Ол ентелеген топтың арасын жара-мара ілгерілеп барады. «Мұнда не боп жатыр өзі? Неге ешкім ештеңе айтпайды? Керейхан, балам, қайдасың?» – дейді ол алқынған жүрегі аузына тығылып. Сағидолла бұдан да тезірек жүргісі келеді, бірақ зіл батпан шойын шынжырлы кісен адымын аштырар емес. Бекітулі атша тыпырлады да қалды. Ес кетіп, жан шыққанда Сағидолла топ ортасына барып кірді. Жерде зар жылаған ақ самайлы бір ана отыр. Құшағында Керейғазы мен Керейхан. Ағыл да тегіл көз жасын төккен ана мұңлық:

– Не жазып ем бұл тағдырға? Не істеп қойдық бұл қытайдың өкіметіне, бізді осылай сорлататындай? Бізді бұл күйге салған сұмпайылардың көзіне көр топырақ енсін. Ешқашанда жолы болмасын! – деп шерден шыққанша қарғысын жаудырып қапаланып отыр. Үлкен ұлы Керейғазы:

– Болды, апа, тоқтау ет. Біреу-міреу естіп қояды-ау, – деп шыр-пыр. Ана байғұс болса ештеңеден тайынар емес.

– Естісін еститіндер, қамасын мені де. Бостан-босқа тірі өлік болып жүргенше мен де сендермен бірге жатайын осында, – дейді ызаға булығып.

Ана әлі де бауырына басқан қос ұлын ажыратпай шын көрдім бе, өтірік көрдім бе дегендей екеуін кезек-кезек құшырлана иіскеп, мекірене сүйіп-сүйіп қояды. Қаумалап тұрған қалың қауымнан бір пенде шығып, ананы жұбатуға шамасы келмеді. Бәрі де ана зарын тыңдап, бірге егіліп тұр. Келе салып сілейіп тұрып қалған Сағидолла сәлден соң ғана жерде аяғын жия алмай отырған ананың иығындағы ескі қоржынын алып, қолтығынан демеді. Осыдан соң ақыл-есін жиып, қайта бір қайраттанған ана еңсесін енді тіктегендей. Өзін қос ұлымен бірге қолтықтап алған кісенді адамның жүзіне үңіле қарап:

– Құдай-ау, Сағидолламысың? – деді бір күрсініп алып.

–Иә, – деді Сағидолла ана жүзін жуған жас тамшыларын кісенді қолымен сүртіп тұрып.

–Түу, жарығым-ай, саған да көргілікті көрсетіпті-ау мына тас жүректер. Керейханымды туған ұлыңдай аялап, қапаста жатсаң да қамқор болып жүргенің үшін мың рахмет саған, жаным. Алладан қайтсын, Алладан! Келші бері, маңдайыңнан иіскейін, – деді ана мейірлене.

Сағидолла еңкейе берді. Маңдайынан өпкен ананың жылы демі бүкіл жан дүниесін жібітіп, ерекше бір мейірімге бөлеп барады. Соңғы кездері үнемі сойыл мен соққыдан көз ашпай жүрген бұл маңдай осындай бір жылулық пен ізгілікті сезінбегелі қашан?

Керейғазы мен Керейханның анасы сонау жер түбінен кәрі жанын сүйреп қалай келді? Қалай іздеп тапты? Енді қалай қайтпақ? Көпке дейін елді мазалаған сұрақ осы болды. Бірақ ана екі ұлына да тіс жарып ештеңе айтпаған. Бәрі ішінде, өзіне ғана мәлім. Тек, жанына еріп жүрген бір орта жастағы қазақ жігітінің көмегімен ғана жеттім деген. Сөйтсе, ана ғаріп екі ұлы бірдей жазықсыздан жазықсыз жер аударылып кеткен соң ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалған екен. Үш қызы болса жас. Оның үстіне арқа сүйер ағайын біткен шекарадан ары қалған. Ал, Қытай өкіметі шетте туыс-туғаны бар мұндай адамдармен басқалардың қарым-қатынас жасауына мүлде тыйым салған. Әйтеуір, бірді-екілі көңіл жетер жамағайын ғана ұрланып келіп, азын-аулақ азық-түліктерімен бөліскен. Ол неге тұрмақ? Балалы-шағалы отбасының қай жыртығын жамауға жетеді дейсің, әйтеуір ауған түйені басқандай ғана демеу ғана. Сонымен отбасылық жағдай қиындап, ана хәлі күннен-күнге төмендей берген. Қанша жүгірсе де «Барсакелмеске» кеткен екі ұлдан еш хабар ала алмаған. Осы бір зілмауір сырқаттан арыла алмаған ананы орнынан тұрғызу алды азаматтық жасқа енді толып келе жатқан үйелмелі-сүйелмелі үш қыз үшін оңайға түспеген. Олар бала болса да анасының екі ұлының күйігінен осы күйге түскенін ұққан. Бәлкім, үйде сары уайымға салынып жата бергенше, бір барып ұлдарының өлі не тірісіне көз жеткізіп келсе көңілі орнығар, көңілі орнығар да олардың бір күні болмаса, бір күні босап келеріне сенім артар. Уайымнан серпіліп, өмірге үмітпен қарар. Бірақ «қысқа жіп күрмеуге келмес», арман болғанмен дәрмен жоқ. Жалғыз басты ана жол қаражатын қайдан алмақ? Біреуден қарыз табылғанның өзінде кейін оны қайтара қояр шама қайда? Өздері тек өкіметтің көпке ортақ беретін арқар жалақ жүгері ұнымен ғана өлместің күнін көріп келеді. Бұдан өзге сырттан кіріп тұрған соқыр жармақ кірісі де жоқ. Басқасын былай қойғанда, тумысында бұл өлкеден біреу аттап басып көрмеген Такламакан шөліне кәрі адам қалай жетпек?

Күндердің бірінде үш қыз ақылдаса келіп: «Апа, сіз әлденіп, орныңыздан тұрыңыз. Екі ұлыңызды барып көрем десеңіз бұлай жата берген жарамас. Қам жасаңыз, біздің біріміздi тұрмысқа беріңіз. Құдаңыздың азын-аулақ дүние-мүлкінің де керегі жоқ, күйеу болам деген жігіт сізді ертіп Тарымдағы екі ұлыңызды көрсетіп келсе болғаны. Келісім осы болсын» деген. Бастабында ана бауыр еті балаларының бірін жат біреуге жетектете салудың қаншалықты қиын екенін біліп бастартса да, ақыры ойлана-ойлана келіп сол ақылға тоқтаған. Екі ұлыма барам деген бір ауыз сөз күш берді ме, осыдан көп өтпей ана орнынан тұрып, өзіндік қам-қарекетке кіріскен.

Бір күні таң сәріден ол белді бекем буынады. Үлкен екі қызын өзіме қолғанат болар деген оймен үйге қалдырып, кенже қызын ертіп жаяу аудан орталығына тартады. Күні бойы қызын жетелеп, адамдары қайшыласқан базар маңын торыған ана жұртқа: «О, халайық, кімде-кім мені Тарымдағы жер аударылып кеткен екі ұлыма апарып, бір көрсетіп әкелем десе, осы қызымды соған тұрмысқа беремін. Жігітке көп мін тақпаймын, әйтеуір, исі мұсылман баласы болса болғаны» – деп жар салады. Бірақ, бірінші күні ымырт үйірілгенше мен апара қоям дейтін жан табылмаған. Екінші күні таңнан кешке дейін жүрсе де, келісімге келген ешкім болмапты. Тек үшінші күні кешке қарай орта жастағы бір қазақ жігіті келіп, «апа, сіздің талабыңызды мен орындайын» деген. Ана бейбақ күйеу болар жігіттің жасының үлкендігімен санасып жатпай, бастысы қазақ баласы болғанына қуанған.

Осыдан бірнеше күн өткенде олар жігіттің тапқан азын-аулақ тиын-тебені мен оның шағын жүк көлігіне отырып бірнеше мың шақырым қашықтықта жатқан Тарым ойпатына қарай жолға шығады. Бірақ, көлігі құрғыр орта жолға жетпестен сынып, одан әрі жол тосып баруға тура келген. Олар бірде жаяу, бірде көлікпен айдан астам уақытта Сексентамға жетіпті. Бір қуанарлығы – дәл осы тұста елдегі жүріп жатқан төңкерістік науқан сәл де болса босап, аз да болса тыныштық орнай қалған. Түрме шенділері итарқасы қиыннан айшылық жол басып, өліп-талып жеткен ананың екі ұлына жолығуына да көп шектеу қоймаған. Осылайша мың бір жапамен жер түбінен келген ана қос құлынының жанында бірнеше күн болып, мауқын бір басып қайтқан.

Уақыт – керуен. Жаңа дүние кірлігіп, ескісі ел есінен шыға бастаған. Тағы бір алқалы жиында Әбіламет Сағидолланы жер көкке сыйғызбай мақтады. Сөзінің соңында оның тындырған жұмысына, күнделікті тәртібіне «өте жақсы» деген баға да берді. Көпшілік үнсіз. Тіпті, сол мақтаудың буымен оның аяқ-қолын кісендеудің енді керегі жоқтығын айтып, кісеннен де босатып тастаған. Сонымен Сағидолланың арқасындағы зіл батпан жүк түсіп бір жеңілдегендей болды. Көп өтпей оған еркін жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, қорған сыртына да шығарады. Бұл тұста түрмедегі ахуал титтей оңалып, Қойымхан салып кеткен сүрлеумен бір іздене бастаған. Тек ауыр қылмыс өткізгендер мен жаңадан келгендер ғана қатаң бақылауға алынып, басқаларды ұзын шылбыр, кең тұсаумен көздеуге көшкен. Сағидолла түрме сыртына шығарылған соң ондағы үлкен алма бақтың ішінде ұсталық жасайтын болды. Ашық алаңдағы шеберханада ұстаға қажетті ошақ, көрік пен құрал-сайман толық дайындалған. Көмекшісі – баяғы сол бала Керейхан. Жастайынан темірден түйін түйіп өскен ол

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ПЕРВЫЕ АЭРОДРОМЫ В КАЗАХСТАНЕ И НАЧАЛЬНЫЙ ЭТАП ИХ РАБОТЫ (1924-1934)



Первый на территории Казахстан аэродром был создан еще в 1913 г. в Оренбурге, бывшей столице республики, когда здесь, наряду с четырьмя российскими городами, открылся местный аэроклуб. По функциональным возможностям он соответствовал аэродромам второго, то есть среднего, класса. На территории современного Казахстана первые аэродромы появились в 1924 г. и были предназначены для приема только агитационных самолетов из Москвы. Причем в их строительстве государство не участвовало, так как после окончания гражданской войны государственные органы испытывали острейшую нехватку денежных средств. Сложившаяся ситуация была предельно ясна: для создания в стране воздушного флота, практически целой экономической отрасли, требовалось массовое участие всего населения, что предполагало осуществление широкомасштабной идеологической работы. Поэтому в мае 1923 г. в СССР было создано Общество друзей воздушного флота (ОДВФ), призванное «содействовать самолетостроению, распространять авиационные знания и привлекать молодежь к овладению самолетом». Рекламные плакаты, призывавшие население покупать акции ОДВФ, были результатом работы идеолога А. Родченко, который сотрудничал с известным поэтом Владимиром Маяковским. Поэтому-то его реклама несла оттенок излишней напористости. И здесь достаточно привести лишь одну фразу: «Тот не гражданин СССР, кто не «Добролета» акционер». Благодаря усилиям казахстанских акционеров ОДВФ за короткий промежуток времени - с начала 1924 г. и до начала 1925 г. - были созданы 14 аэродромов для приема самолетов из Москвы и оборудованы значительное количество площадок для взлета и посадки самолетов на огромную по тем временам сумму - 550 тыс. руб. Надо сказать, что помощь населения Казахстана проявилась не только в сборе финансовых средств, но и в строительстве аэродромов. Так, в строительстве аэродрома в Бурундае участвовали более 100 алматинских юношей и девушек. Все казахстанские аэродромы, за исключением тех, что были в столичных городах - Кызыл-Орде и Алма-Ате, относились ко 2 классу. Столичные же аэродромы считались первоклассными. А еще существовали и функционировали посадочные площадки, которых официально причисляли к аэродромам 3 класса. Заметим, что схожая аэродромная структура существовала в то время в странах Европы, хотя там авиация сформировалась гораздо раньше, чем в СССР. К примеру, во Франции функционировали такие типы аэродромов, как воздушный порт, воздушный вокзал, а также посадочная площадка. Строительство первых казахстанских аэродромов занимало несколько месяцев, а состояли они из грунтового летного поля да складских помещений для топлива, причем у преобладающего большинства из них не было, разумеется, и ангаров - специальных помещений для ремонта самолетов (исключение составляли 2 аэродрома в Кызыл-Орде и Алма-Ате). Так, в небольшом городе Балхаш в 1932 г. имелся аэропорт лишь с топливным складом и служебным помещением. Воздушное сообщение было налажено только с Алма-Атой. Первые казахстанские аэродромы могли принимать только легкие самолеты отечественного производства. Это У-2, К-5 и Р-5, причем Р-5 был более известен как П-5 (в 1944 г. он был переименован в По-2 в честь его создателя Н.Поликарпова) с поршневыми двигателями и скоростью 120-170 км в час. По своей конструкции, аэродинамике и даже по внешнему виду он очень походил на упомянутый У-2 и использовался в основном как транспортный и почтовый. Все три упомянутых типа самолетов могли брать на борт от 2 до 8 пассажиров и летали только днем. Выше упомянутый самолет К-5 считался в Казахстане одним из лучших воздушных транспортов с дальностью беспересадочного полета, составлявшей 800 км. Газета «Советская степь» (предшественница «Казахстанской правды») в одном из своих номеров за 1931 г. писала, что К-5 будет курсировать на основной линии воздушного движения в Казахстане. Такой линией тогда была трасса Алма-Ата – Талдыкурган – Сергиополь (сейчас г.Аягуз) – Семипалатинск протяженностью 1100 км. Изучение архивных и других официальных данных свидетельствует, в частности, о том, что по длительности эксплуатации самолетов в Казахстане первое место занимали По-2. И, вполне вероятно, потому что они, помимо перевозки пассажиров, выполняли еще функции грузового самолета. Так, в Зыряновском авиаподразделении, созданном в ВосточномКазахстане, их базировалось свыше двадцати. Здешний аэродром был удален от населенных пунктов на 16 км. Около летного поля лежала большая гора обогащенной руды (концентрата), состоявшей из смеси свинца, цинка и других металлов. И эта руда была основным грузом для перевозки их самолетами По-2, грузоподъемность которых составляла более 200 кг. Открытые, неутепленные и к тому же без средств связи эти самолеты, а также П-1 и П-5 безотказно работали при 30-40 градусных морозах, которые были обычным явлением в Восточном Казахстане. Самолеты По-2, официально считавшиеся учебными, не имели себе равных по универсальности их использования, причем в мировой практике. (См. С.Попова. Аэрофлот от А до Я. М.,1986, с.151) О высокой эффективности использования этих самолетов для перевозки пассажиров могут служить следующие факты. Так, например, в Актюбинском аэропорту, который начал функционировать с 1930 г., все 9 самолетов, базировавшиеся здесь с 1933 г., были именно По-2. Наряду с ними, начиная с 1935 г., через Актюбинск стали выполняться регулярные рейсы 4-х моторного самолета Г-2 на 16 пассажиров, которые летали по маршруту Ташкент-Москва. А в 1935 г. здесь появились и почтовые самолеты П-5. В 1933 г. в течение 3-х месяцев был построен аэродром в Уральске, в местечке Ханская роща. Причем в его строительстве принимал участие и актюбинский летчик Д.Лобачев, который на самолете По-2 летом того же года впервые приземлился в этом городе. Из Актюбинска по приказу руководства Северо-Казахстанского управления ГВФ прилетели еще два таких самолета, в результате образовалось авиационное звено в составе Д.Лобачева, И.Ильина и Г.Горбачева, которые обслуживали строителей железной дороги Уральск-Илецк. В условиях Казахстана 1930-х гг. с ее огромной территориальной разбросанностью и к тому же ощутимым аграрным уклоном в экономике авиация играла ощутимую роль не только как эффективный вид транспорта, но и как надежное средство в борьбе с вредителями сельскохозяйственных культур. Решить эту проблему собственными усилиями было немыслимо – очень большими были ее масштабы. Поэтому за помощью пришлось обратиться к российским авиаторам. Среди тех, кто первыми приехал в Казахстан для оказания помощи, был и прославленный летчик Герой Советского Союза Михаил Водопьянов.

Усложнение борьбы с саранчой обусловило необходимость создания в 1932 г. на юге Казахстана специального Чимкентского авиаотряда, что позволило в течение 3-х дней уничтожить саранчу на площади 4 тыс. гектаров. В 1932-1934 гг. с помощью авиаторов были ликвидированы и другие, не менее опасные вредители сельскохозяйственных культур, в том числе на площади 130 тыс. гектаров – прус и кобылка - на площади 150 тыс. гектаров. Начиная с середины 1930-х гг., в Казахстане стала развиваться санитарная авиация. Самолетный парк базировался только в трех городах - в Алма-Ате, Семипалатинске и Уральске. В течение одного года было перевезено 178 тяжелобольных, произведено 64 вылета врачей для оказания медицинской помощи больным.

Таким образом, создание сети аэродромов на территории Казахстана обеспечило, во-первых, необходимые условия для развития принципиально важной транспортной отрасли в республике. Во-вторых, появилась реальная возможность более эффективного решения ранее существовавших и вновь возникших социально-экономических проблем. В третьих, стали более эффективными деловые связи Казахстана с другими республиками в решении текущих транспортных задач.

**Рахман Джанабаев**

# Настроение

*Пригородное село Мойнак, где мы живем около десяти лет, находится в таком красивом месте, что, кажется, это сельцо и составляет основу понятия «Жер-уюк». Что означает прообраз того недосягаемого совершенства на земле, которое искал мудрец казахской степи КОРКЫТ, переложивший свои страдания на алтарь музыкальной вершины - Кобыз.*

Иногда так томительно ожидание весны в природе, как иные дни февральского своеборья зимы и всесильной по времени весны. Что победит? Конечно же, новое, возрожденное в природе совершенство изначального рождения – свежие новые ростки, пробуждающаяся живность, предвещавшая весну. Иногда непонятная нега разливается все в той же природе рождения, солнце светит тепло и ярко, журчат и сверкают стекающие повсюду ручейки талой воды и проснувшегося родничка, стремительно бегущего к горной речушке Каратал. Не сама весна, а именно февраль, его вторая половина, предвещает глобальное изменение в предвесенней природе: то снег идет по–зимнему мелкий, колючий, вдруг переходящий в кружение более крупных снежинок, являвшихся знаком последнего зимнего бала, постепенно нисходящего к аромату весенних вкусов, весеннему млению. Когда даже человек с его разумом поддается неразумным эмоциям весенней природы, то хочется беспричинно рассмеяться, то поплыть по ароматному воздуху весны, не осознавая неразумности бесшабашного влечения, а поддаваясь эмоциональному взрыву природной незлобливой катаклизмы, будоражащей и разум, и чувства.

Замечательный день выдался сегодня! Весною пахнет… Зимы осталось лишь неделя. Вот уже четвертый год, как открылся садик при школе №23. Дети двух-трех лет составляли основной контингент группы первого выпуска. Теперь принимаем и с полутора лет. Демографический рост населения Казахстана ощутимо и в нашем поселке. Молодые семьи безбоязненно разрастаются. Тому порукой социальная поддержка государства. В иных семьях по четыре-пять и даже более новых граждан. Пусть растут, приходят к нам, учатся в школе и далее будут строить новый экономический Казахстан. У нас в селе хорошее уличное освещение, пришло в село централизованное обеспечение питьевой водой. Протянуты линии интернета, есть средняя школа, медицинско-фельдшерское обслуживание, библиотека с читальным залом, дом культуры, где функционируют все виды организации молодежного досуга: танцевально-хореографический класс, холл для проведения официальных мероприятий. К середине 2020 года обещают провести газифицирование всего села. Все это достигнуто под контролем и личным участием акима Отенайского сельского округа. Все мы, радуясь и огорчаясь, трудимся во благо развития социально-экономического облика города Талдыкорган центра Алматинской области.

**Молдабаева Айман.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІ

# НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ – АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.**

Аталған Заң Қазақстан Республикасының кейбір кодекстері мен заңдарына, оның ішінде «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Түзетулер бір жағынан нотариаттық қызмет мәселелерін қозғайтын жекелеген проблемалық мәселелерді шешуге бағытталған, екінші жағынан нотариаттық қызметті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сот жүктемесін оңтайландыру мақсатында нотариустарға атқарушылық жазудың 9 түрін жасау арқылы бұйрықтық іс жүргізудің жекелеген талаптары берілді. Қазақстанда нотариустар 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап атқарушылық жазбаларын жасау құқығына ие болды.

Атқарушылық жазба даусыз сипаттағы талаптардың тез және тиімді шешілуін қамтамасыз етуге қабілетті, маңызды құқықтық құралдардың бірі болып табылады.

Үш жыл бойы атқарушылық жазбаны жасау тәжірибесі қалыптасты, атқару жазбасын жасауды реттейтін нормаларды іске асырудағы оң жақтары мен проблемалар анықталды. Егер, 2016 жылы Алматы облысының нотариустарымен тек 4, ал 2017 жылы 27 атқарушылық жазба жасалса, 2018 жылы 3397 атқарушылық жазбаның жасалғаны белгілі. Нотариустардың атқарушылық жазбаларды жасауының ұлғаю үрдісі даусыз берешектерді өндіріп алудың мұндай тәсілінің тиімділігін көрсетеді.

Сонымен қатар, даусыз талаптар бойынша берешектерді соттан тыс өндіріп алуды ынталандыру және осы нотариаттық іс-әрекетті дамыту үшін аталған талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 12-тарауынан алынып тасталды, осылайша даусыз берешектер бойынша баламалы өндіріп алу мүмкіндігі алынып тасталды.

Заңмен берешекті белгілейтін құжаттың көшірмесіне, оның түпнұсқасын ұсынған жағдайда, тиісті белгі қойылған атқарушылық жазба жасау құқығы енгізілген. Бұл норма атқарушылық жазбасын, мысалы, жазбаша мәміле бойынша кепілсіз қарыздарды өндіріп алу бойынша банктер мен коллекторлық компанияларға пайдалану мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Атқарушылық жазбаны жасағаны үшін төлем де қайта қаралды. Атап айтқанда, ҚР «Нотариат туралы» Заңының 30-1-бабы 1-тармағының 22-1) тармақшасында қарастырылған 1 АЕК мөлшерінде ақы төлеу орнына, жеке тұлғалар үшін сараланған төлем – өндіріп алынатын соманың 0,2 пайызы немесе талап етілетін өзге де жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 0,2 пайызы, бірақ 0,5 айлық есептік көрсеткіштен кем емес және 50 айлық есептік көрсеткіштен артық емес төлем ақы енгізілді; заңды тұлғалар үшін-талап етілетін өзге де жылжымалы мүліктің өндіріліп алынатын сомасының немесе нарықтық құнының 1 пайызы, бірақ 1 айлық есептік көрсеткіштен кем емес және 100 айлық есептік көрсеткіштен артық емес.

ҚР «Нотариат туралы» Заңының 92-1-бабы 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көзделген талаптар бойынша атқарушылық жазбаны жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтерге ақы төлеудің төменгі шегі 0,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Бұдан басқа, аталған заңмен келісулерді куәландыру жаңа нотариаттық іс-әрекет енгізілді, нотариустың депозитін пайдалану үшін негіздерді кеңейтетін өзгерістер, әлі туылмаған бірақ бойға біткен мұрагердің құқығы қорғалды, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында қайтыс болу туралы куәлік алуға құқығы бар адамдардың тобы кеңейтілді, құпия өсиетті ашу рәсімі реттелді, «БЗЖҚ» АҚ салымшыларының шоттарынан мұра қалдырушының жеке зейнетақы шотының болуы және шоттардағы ақша қозғалысы туралы қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігі де берілді.

Нотариаттық заңнама саласында енгізілген өзгерістер мен толықтырулар құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін олардың маңыздылығын көрсетеді.

**Айнұр ДАУЫЛБАЕВА,**
**Алматы облысы Әділет департаментінің Құқықтық түсіндіру және халық заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы, Қазақстанның Заңгерлер одағының мүшесі.**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

**Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бастамасымен 2019 жылда Қазақстан Республикасының заңнамаларына еңгізілген өзгерістер мен толықтыруларды талқылау бойынша дөңгелек үстел өтті.**



# ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Аталған іс шараға бір қатар мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Атап айтқанда, Алматы облыстық прокуратурасының, Алматы облысының ішкі мемлекеттік аудит Департаментінің, Алматы облысының жер қатынастар бөлімінің, Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Алматы облысының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының, Талдықорған аумақтық сот орындаушылар бөлімінің, облыстық адвокаттар алқасының өкілдері, сонда-ақ Қазақстан Журналистер одағының мүшесі қатысты. Бұл басқосуды Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағасының міндетін атқарушы Берік Қожахметов жүргізіп отырды.

Іс-шара аясында Жер Кодексіне, «Мемлекеттік меншік туралы» Заңға, «Нотариат туралы» Заңға, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға және тағы басқа заңдарға еңгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Алматы облысы мамандандарылған ауданаралық экономикалық сотының судьялары Дархан Тоқбаев, Диляра Избаирова, Гаухар Қасымбаева және Нұри Омарбеков жан жақты түсіндіріп берді. Бұл мәселелер бойынша шараға қатысушылар да өз ойларын ортаға салып, мәселені талқылауға белсене атсалысты. Олар өзара пікір алмасып, өткізілген дөңгелек үстелдің нәтижесінде жаңа мәліметтермен қоса, туындаған сұрақтарына жауап алды.

**Ш. ХАМИТОВ.**

# СОТ ЗАЛЫНАН

**2019 жылы Кербұлақ ауданының №2 аудандық сотының өндірісіне бір күннің ішінде қарыз ақшаны өндіру туралы 7 талап арыз түсті.**

Осы аталған істер бойынша тараптарға «Соттағы татуласу рәсімдері» пилоттық жобасы түсіндірілді, тараптарға істі бітімгершілікпен шешу туралы ұсыныс жасалды. Аталған пилоттық жоба бойынша дауды үш әдіспен шешуге болатыны түсіндірілді.

Кербұлақ ауданының №2 аудандық сотының татуластырушы судьясы Г.Тынысбекова талаптарды бітімге келтіріп, тараптар сотта татуласу келісімін жасап, онда қарызды өндіру бойынша екі жаққа да ұтымды шарттарды белгілеп, азаматтық істерді қысқартуды сұрады.

Сондықтан медиация сотқа дейін дау-жанжалдарды реттеуші әрі оның алдын алушы ретінде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге тікелей әсер беріп отыр.

Осылайша, Кербұлақ ауданының №2 аудандық соты медиацияны бұқараға кеңінен таныту арқылы оның дамуына да оң ықпалын тигізуде.

**Қ. ДЮЗГЕНБЕКОВА,**
**№2 Кербұлақ аудандық сотының бас маманы.**

УАҚЫТ ТАЛАБЫ

# ЖҮКТЕМЕНІ АЗАЙТУ – ЖҰМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

**Елбасымыз Н. Назарбаевтың Жолдауында көрсетілген тапсырмаларды орындау мақсатында 2019 жылдың 21 қаңтарында сот жүктемесін оңтайландыруды көздейтін тиісті заңға қол қойылып, 2019 жыл 3 ақпанда күшіне енген бұл заң сот жүктемесін едәуір оңтайландырып тастады. Атап айтар болсақ, 2019 үстіміздегі жылдың 3 ақпанына дейін сотпен санкцияланып келген сот орындаушылардың 18 әрекетінің, ендігі уақытта тек 2-уі ғана, яғни, күштеп әкелу және республика аумағынан шығуға тыйым салу ғана сотпен санкцияланатын болады. Бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібінде қаралатын 18 талаптың 9 талабы нотариустың құзырына беріліп, оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде қаралатын 12 талаптың 10 санаты бойынша талап бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібіне ауыстырылды.**

Ендеше, соттың қарауына келіп түсетін жүктемені азайту – уақыт талабы. Жүктемені азайтудың бір механизімі ретінде, Жоғарғы Сот бастамашылығымен атқарылып жатқан сотқа дейінгі бітімгершілік жолы болса, тағы бір жолы ретінде сотта қаралатын кейбір дау санаттарын басқа құзырлы органдардың қарауына беру болатын. Себебі, сотқа түсетін жүктемені азайту – сотта қаралатын істер сапасын жақсартудың бір кепілі. Ал, сот сапасының жақсаруы ол өз кезегінде сотқа деген ел сенімін арттыратыны сөзсіз.

ҚР Жоғарғы Сот төрағасы Ж. Асанов 11.10.2018 жылғы инвестициялық даулар жөніндегі халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде, еліміздегі соттарда 2016 жылы 1,7 млн іс пен материалдар қаралса, 2017 жылы – 2,7 млн, ал үстіміздегі жылы 3,8 млн іс пен материалдар қаралады деп күтілуде екендігін айта келе, осы істерді қарайтын судьялардың қазіргі таңдағы саны 1 800 шамасында екендігін тілге тиек еткен болатын.

Расымен де, соттарда қаралатын дау туғызбайтын істермен судьялардың қаншама уақыты кетіп жатыр. Осы тұста мен Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіндегі соттардың қарауына берілген құқық бұзушылықтарды қайта зерделеп, олардың кейбіреуін хаттама толтырушы лауазымды тұлғаның қарауына берген дұрыс сияқты. Қазіргі қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте осы тектес сотқа жолдануға жататын істер баршылық.

Әрине, сотпен шешіліп келген мән-жайларды басқа құзырлы органдардың қарауына беру, сол құзырлы органдардың әрекетіне шағымдарды көбейтеді, сыбайластық етек алуы мүмкін деген секілді қарсы пікір айтушылар болуы мүмкін. Бірақ, бұның екінші ұшы бар, ол сол хаттама толтырушы құзырлы органдардың жауаптылықтарын күшейтеді және даулы мәселені созбалыққа салынудан (хаттаманы сотқа жолдау, оны сотта қарау, сот қаулысының заңды күшіне енуі секілді) құтқарады.

Осындай жолдар арқылы соттарды жүктемеден арылту судьяларды шын мәнінде шиеленіскен даулы істерді қарап шешуге жұмылдырады. Шиеленіскен даулы істерді қарау барысында судьялардың да біліктілік деңгейлері де айқындалатын болады.

**Айнаш ӘМІРБАЕВА,**
**Талдықорған қалалық сотының судьясы.**

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

**Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры» деген тағылымы тұжырым айтқан болатын. Сондықтан, қазақ тілі өзіне лайықты тұғырына сай қолданылуы үшін билік пен бұқара тығыз байланыста жұмыс жасауы тиіс. Сонда ғана «2020 жылы мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтар саны 95 пайызды құрауы тиіс» деген Елбасымыздың тапсырмасын жүзеге асыруға мүмкіндік туады.**

# ӘРКІМНІҢ АСЫЛ БОРЫШЫ

Осы орайда, өзіміздің ойымызды да ортаға салып, ұсыныс ретінде айта кетсек артық болмас. Мәселен, сотқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыруға құқылы құзырлы органдар тарапынан мемлекеттік тілде толтыруын қатаң бақылауға алып, іс жүзіне асырса, мемлекеттік тілдегі қаралатын істердің саны да көбейіп, мәртебесі де артар еді деп санаймын. Себебі, көбінесе сотта қаралатын істер бойынша мынадай жайлар кездесіп жатады. Мысалы, құқық бұзушының ұлты қазақ болса да, әкімшілік хаттамалар орыс тілінде толтырылып, құқықтары да орыс тілінде түсіндірілгенді де, ал сол құқық бұзушы сотқа келген жағдайда «мен орыс тілін жетік білмеймін, кейбір сөздерді түсінбеймін, полиция қызметкері хаттаманы орыс тілінде толтырған соң, хаттамаға қол қойдым» деген уәждерін айтып жатады. Сол себептен, әрбір Ішкі істер қызметкері осы мәселеге келгенде өзіміздің ана тіліміздің аясын кеңейтіп, құқық бұзушылардың құқығын бұзбаса деген ұсыныс айтқым келеді.

Мына бір мәселеге де мән беру артық болмас. Ғаламтордың дамуы оны қолданушылардың көптігімен өлшенеді. Ғаламтордың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып қазақ тілін үйрететін сайттарды көптеп ашып, жоғарыдағы мүмкіндікті іске асырсақ, яғни, ғаламторда қазақ тілін үйретуге қызықтыратын сайттар көбейсе әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақ тілін үйренгісі келген адамдар өздігінен үйрене береді. Қазақ тілін үйрету үшін Тіл комитетінің жасаған дүниелері жетіп артылады. Сол дүниелерінің электрондық нұсқасы міндетті түрде бар. Соны ғаламторға енгізіп жіберсе болғаны. Әлемнің барлық түкпіріндегі адамдар қазақ тілін үйрену үшін кәдесіне асырар еді. Ғаламторда осы дүниелерін айналымға түсіріп отыратын бір веб-мастер әкімшісін ұстаса тіпті қатып кетер еді. Ғаламторға қазақ тілін үйрететін дайын тұрған барлық дүниелерді енгізер болсақ, қалта телефонына да жүктеп алу мүмкіндігі туады.

Елбасымыздың: «Біз барша Қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», – деп атап көрсетті. Демек, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолында әрқайсымыз өзіндік үлес қосумыз керек. Бұл әркімнің асыл парызы болуы тиіс.

**Жанар ИБРАГИМОВА,**
**Алматы облысы МАЭС-ның судьясы.**

МАМАН МІНБЕРІ

# СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕГЕНІ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

**Сот азаматтық істі талқылауды іске қатысатын тараптарды және іс бойынша басқа тұлғаларды міндетті түрде хабарландыра отырып, сот отырысын жүргізеді. Сот отырысында судья процестік нормаларды қатаң сақтап, құқықтық мәдениеттілікті ұстанып, процеске қатысушылардың теңдігі қағидатын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 127-бабына сай іске қатысатын адамдар сот отырысының немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады.**

Сот талқылауын бастамас бұрын төрағалық етуші судья процеске шақырылған қатысушылардың келуін тексереді. Төрағалық етушінің міндетін істі қарайтын судья атқарады. Азаматтық істегі тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар егер тек сот тарапынан олардың келмеу себептері дәлелді деп танылмаса, сот талқылауына қатысуға қатысуға міндетті. Ең алдымен сот талқылауында сот отырысының хатшысы осы іс бойынша шақырылған тұлғалардан кімнің келгенін, келмеген тұлғаларға хабар берілгенін, не берілмегенін және олардың кемеу себептері туралы мәліметтерді судьяға баяндайды. Іске қатысатын тұлғалар сот отырысына келмеу себептері туралы сотқа алдын ала хабарлауға және осы себептердің дәлелді екендігіне дәлелдемелерді ұсынуға міндетті.

Мысалы, сотқа келмеуінің дәлелді себептеріне іске іске шақырылған адамның науқастанып, ауырып қалуы жатады, Бірақ ол қандайда бір нақты құжатпен расталуы және дәлелденуі тиіс. Іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі сот отырысына келмеген жағдайда олардың тиісті түрде хабарландырылғаны туралы мәліметтер жоқ болса істі қаралуы кейінге қалдырылады. Сонымен қатар, егер іске қатысатын тұлғалар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылса, олардың келмеу себептері тек дәлелді деп танылған жағдайда ғана сот істі талқылауды кейінге қалдырады.

Сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шараларын сот баршаның сот алдындағы теңдігі конституциялық қағидатын және сот төрелігінің міндеттерін іске асыру, азаматтарды құқықытық мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында қолданады. Сондықтан баршамыз сотқа құрметтемеушілікке жол бермей, еліміздің құқықтық мемлекет ретіндегі мәртебесін көтеруге өз үлесімізді қосқанымыз абзал.

**Ерлан МАМЕЛЬЯНОВ,**
**Алматы облысы МАЭС-ның аға сот приставы.**

ТИІМДІЛІК

# МЕДИАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ БІР САЛАСЫ

**Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады.**

Негізінде медиация деген қазаққа жат нәрсе емес. Атам қазақ ерте заманда жер дауы, жетім дауы, жесір дауы сияқты күрделі дауларды халықтың беделіне ие болған билерге жүгіну арқылы бітімгершілікпен шешіп отырған, бітімгершілік екі тарапты да қанағаттандырған. Қазақ жұрты қашанда тауып айтқан сөзге тоқтап, үлкеннің айтқан бітімгершілік сөзіне құлақ асқан.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының қабылданып, қолданысқа енгеніне біраз жылдар өтсе де, күні бүгінге дейін «Медиация туралы» заңы толыққанды жүзеге асырылмай келе жатқаны да белгілі. Оның өзіндік себептері де бар. Сондықтан медиацияны кеңінен қолданудың пәрменді шараларын қабылдаса нұр үстіне нұр болары даусыз. Өйткені, кейбір өзара тіл табыса алмаған дау дамайларды ушықтырып, сотқа дейін апарғанша, оны медиация жорлымен бітімгершілікке келу арқылы оңай шешуге әбден болады. Ол екі тарапқа да пайдалы болары сөзсіз. Өйткені, қазіргі заманда соттасу көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы – дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру.

Қазіргі кезде халық та медиацияның тиімділігін түсіне бастады. Сондықтан «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей татуластырудың тиімді жолын әрбір азаматтың сотқа жүгінбестен қолдануына барынша қолайлы жағдай жасауға септігін тигізер мына бір ұсыныстарымызды ортаға салғымыз келеді.

Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол – ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар атсалысуы тиісті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді, әмбе қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Бұған барлық дамыған мемлекеттердің тәжірибесі айғақ. Дамыған мемлекеттерде қоғамда туындайтын даулардың 90 пайызға жуығы сотқа жетпей медиация тәртібімен шешіледі. Сондықтан жұртшылық, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары, атқарушы билік өкілдері Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының тиімділігі мен қолайлылығын жете түсініп, оның қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын жүргізуге атсалысады деп үміттенеміз.

**Диляра ИЗБАИРОВА,**
**Алматы облысы МАЭС-ның судьясы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



**Халық арасында «Іс тетігін маман шешеді» деген жақсы бір тәмсіл бар. Осы орайдағы айтпағымыз жарты ғасырға жуық өзінің адал еңбегі мен таңдаған мамандығы бойынша қызмет етіп, халық құрметіне бөленіп, ел экономикасын көтеруге әлі де үлес қосып жүрген білікті агроном, іскер басшы Сұлтанаев Әбдімұхамет (Әбдіш) Жәмәлиұлы туралы болмақ.**

# ӨНЕРЛІ АГРОНОМ

Әбдіш Жәмәлиұлы 1949 жылы 3 наурызда дүниеге келген. Ол аспантаулар аясындағы қазіргі Райымбек ауданының «Қарасаз» ауылында тұрады. Осы ауылда орта мектепті жақсы бітіріп, 1967 жылы Алматы қаласындағы Ауыл шаруашылығы институтының (Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті) агрономия факультетіне студент болып қабылданып, 1972 жылы агроном мамандығы бойынша жақсы бітіріп шығады. Жалындап тұрған жас маман 1972 жылы Нарынқол (Райымбек) ауданындағы «Абай» атындағы кеңшарға тәжірибелі бас агроном Кененбаев Мәліктің қарамағында көмекші агроном болып еңбек жолын бастайды. Бес жыл оқыған теориялық білімін шаруашылық жұмыстарымен ұштастыра жүргізіп, жан-тәнімен аянбай тер төгіп, еңбек еткен. Қолынан іс келетінін жас маманға аудан басшылары сенім артып, 1974 жылы «Киров» атындағы колхозға бас агроном етіп тағайындайды. Өсімдік өсірудің қыр-сырын жетік меңгерген Әбдіш Жәмәлиұлы бұл шаруашылықта халықпен қоян-қолтық жұмыс жасап, екі-үш жыл ішінде егін шаруашылығы бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізеді. 1977-1984 жылдары осы аудандағы жаңа құрылған «Қызыл шекара» совхозында директор Оспанәлі Мүсіровтің қарамағында бас агроном болып еңбек етеді. Егіннен, картоптан мол өнім алған Әбдіш Жәмәлиұлы 1985-86 жылдары «Киров» атындағы колхоз басқармасының шақыруымен осы колхозда бас агроном болып екінші қайтара жұмыс жасайды. Сол жылдары егіс алқаптарын қара сұлы басып, артта қалған шаруашылықты жаңа технологияны қолдана отырып, астық өнімділігін тазалығы жөнінен аудан бойынша бірінші орынға көтереді. Осы шаруашылықтың арамшөпсіз бітік шыққан мыңдаған гектар жайқалған егіс алқабында аудан, шаруашылық басшылары мен агрономдарын жинап, семинар-кеңес өткізіп, өз тәжірибесімен бөліседі. Оның басты себебі, институтта жақсы оқыған зерек те алғыр қағылез қара балаға ауыл шаруашылығы ғылымының докторы Зайролла Дүйсебаевтің назары ауып, өзі жетекші болып, қамқорлығына алған. Студент Сұлтанаев «Таулы аймақта дәнді дақыл себу мерзімі мен нормасы» тақырыбында жазған диплом жұмысын «өте жақсы» деген бағаға сәтті қорғап, кейіннен ғылыми жетекшісімен, басқа да ғалымдармен байланыс жасап, пікірлес болады. Қазіргі кезде сексеннің сеңгіріне шыққан ғалым Зайролла Дүйсебаев республикаға және шет елдерге өте танымал тұлға. Еңбек жолында мол тәжірибе жинап, шыңдалған Әбдіш Жәмәлиұлына аудан басшылары шаруашылық басқаруға да ұсыныс жасайды. Бірақ, «Мен сап командирімін, менің орным штаб емес, майдан даласы», – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Менің орным кабинет емес, егін алқабында», – деп өзінің ауылы Қарасазға келіп «Энгельс» атындағы шаруашылықта 1986-1992 жылдары бас агроном болып, соңынан 1992-1994 жылдары «Мұқағали Мақатаев» атындағы («Энгельс» колхозы) шаруашылықтың төрағасы болып қызмет атқарады. Жекешелендіру басталып, шаруашылық тараған соң бөз біреулер сияқты шаруашылықтың малын, жерін, техникасын басып қалмай, ел қатарлы өзіне тиесілі үлесін ғана алып, барға қанағат етеді. 2011 жылы ауданда құрылған «Айғайтас ЖШС» басшылары (Қален, Амантай) аттай қалап агроном қызметіне шақырады. Бес жүз гектардан басталған егіс көлемін бес мың гектарға дейін ұлғайтқан «Айғайтас ЖШС» шаруашылығында жаңашылдықпен жұмыс жүргізген агроном Әбдіш Жәмәлиұлы Райымбек ауданында бұрын-соңды себілмеген жаздық бидайдың «Казахстанская раноспелая», «Лютеценс 32» сорттарын , бидай мен қара бидайдың буданы «Тритакале» күздік және жаздық сорттарын сеуіп, астық себудің нөлдік технологиясын енгізуде «Канадалық» сеялкаларын қолданып, астық өнімділігін арттырады. 2017, 2018 жылдары әр гектардан 35-40 центнерден өнім алуға қол жеткізді. Жұмыс нәтижесі жоғарғы. «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген халық мәтелі өз ісін жетік білетін осындай жандарға қарата айтылса керек. Жетпіс жасқа келсе де, жермен жұмыс жасаудан жалықпаған агроном ағамыз біздің берген сан түрлі сауалымызға «Күте білсең жер жомарт», – деп бір ауыз сөзбен жауап қайтарды.

Әбдіш Жәмәлиұлының екінші бір қыры – техниканы өте жақсы білетіндігі мен өнертапқыштығы. Болашақ агроном студенттерді 1970 жылы 3 курста егін орағына қатыстыру үшін сол кездегі Целиноград облысындағы Қорғалжын ауданына бір ай ауылшаруашылық жұмысына жібереді. «Комбайн штурвалында отырғандардың басым бөлігі орыстар мен немістер екен. Олардың ішінде техниканы өте жақсы білетін неміс жігіттері болды. Білмегенімізді солардан сұрап, көріп, үйреніп комбайнды реттеу (регулировка жасау), жөндеу жұмыстарын тез меңгеріп, өзіміз де комбайн штурвалына отырдық. Қайтар кезде озат комбайнерлер қатарында біздің де атымыз аталды, марапаттадлдық», – деп әңгімелейді Әбекең. Қай шаруашылықта болса да агротехникалық шаралардың дер кезінде жүргізілуін, сеялкаға, комбайнға қойылатын реттеудің (регулировка) өте дәлдікпен қойылуын қатаң бақылайтын Әбекең техникаға немқұрайды қарайтын кейбір көмекке келген комбайншылардың комбайнын ретке келтірмей, егіс алқабына жібермей қойған кездері болған. Сонымен қатар бірнеше техникалық өнертапқыштық жаңалықтар ашқан. Мысалы, тұқым себетін сеялкаға тұқым салатын қондырғыны комбайнның бункерлерінен жасаған, ол аудан бойынша қолданысқа енген. Екіншісі, қой тоғытатын жылжымалы қондырғыны ойлап тауып, осы қондырғы бойынша аудан мамандарымен үлкен семинар-кеңес өткізген. Барлық шаруашылықтар «Өте қолайлы қондырғы » деп тауып, өздерінде жасатып пайдаланған. Ол кісінің ескі УАЗ автокөлігін рамасынан бастап жинап, ауылдан табылмаған кейбір қосалқы бөлшектерін басқа техникалардан алып, құрап жүргізгенін көрген едім.

Әбдіш Жәмәлиұлының үшінші бір қыры – өнерпаздығы. Ол домбырамен әуелете ән салатын әнші, ұтқыр да шешен сөйлейтін асаба, ат құлағында ойнайтын шабандоз әрі салсері, өзі де өлең жазатын ақынжанды азамат. Әкесі Жәмәли темірден түйме түйген ұста әрі зергер, сөзге шешен адам болған. Ол кісі туралы 1978 жылы белгілі өнертанушы Дәркенбай Шоқпарұлы «Зергер» атты телефильм түсірген. Әбекең әкесінен естіген Жанғабыл шешен, Көдек ақын, Таңжарық пен Қойдым ақындардың өлеңдері мен айтыстарын жатқа біледі. Ел аузындағы қызықты әңгімелер мен қағытпа қалжыңдарды естіп өскендіктен мектепте оқып жүргенде өзі де өлең жазған. Оған себеп, 1959-1961жылдары Ескі Қарасаздағы «Карл Маркс атындағы жетіжылдық мектебінде оларға орыс тілі пәнінен Мұқағали Мақатаев, қазақ тілінен ақынның жұбайы Лашын Әзімжанова сабақ берген. Мұқағалидың қызы Майгүлмен бір партада отырған. Әбдіштің де алғашқы өлеңдері мектептің қабырға газетіне шығып тұрған. Сегізінші сыныпқа оқуға барғанда қазіргі Қарасаз ауылындағы бір қабатты жаңадан салынған мектептің іргетасы отырып, керегесі айырылған соң оқушыларды сол маңайдағы қамыс үйлерге көшірген, сонда Әбекеңнің;

Біздің мектеп әне тұр,
Белағашқа асылып.
Жарым қыста біз кеттік,
Қамыс үйге тасынып.
Есіктен сыймай парталар,
Далада жатыр шашылып.., – деп жазған өлеңі елге тарап кетіп, мектепте ұстаздары мен директордан, үйде әкесінен қатаң сөгіс алып, өлең жазуды қойып кетіпті. Бірақ, студент кезінде КазПИ-де оқыған досы марқұм Жұмаш Өтеевпен (филология ғылымының кандидаты) бірге филфакта талай дәріс те тыңдапты. Әбекең қазір де өлең жазады бірақ баспаға бермейді екен. Соның бірі Әбдіш Жәмәлиұлының Мұқағали ағасының 80 жылдық мерейтойында жазған өлеңі, бұл өлеңі де еш жерде жарияланбаған.

Шын ақынды таныған Фариза қыз,
Фариза боп тарихта қалар аңыз.
Мұңын шаққан ақынға мият болған,
Өр мінез, Фариза ақын, өнер нағыз.
Қап түбінде асылдың жатпас бәрі,
Шаң баспады жырыңды,тот баспады.
Шекпен киген қазақтың қара өлеңі,
От бүркіп, жүректерге шоқ тастады.
Ақынсың сөз маржанын тере білген,
Болашағын айнытпай көре білген.
Архивтерде шаң басқан кітабың жоқ,
Табылмайды дүкеннен, сөрелерден.
Көшіп жүр кітаптарың қолдан қолға,
Тоқтамас жыр керуенің орта жолда.
Ана тілі қазақтың аман болса,
Асыл сөзің қосылар алтын қорға.
Қырық бес жыл жасаған ғұмырыңда,
Қыран жырды қондырдың тұғырыңа.
Бағалаған мұраңды бүгінгі ұрпақ,
«Поэзия пірі» деп ұғыңда.
Арманың еді, алпысқа келу деген,
Сексенді де тойладық сеніммен.
Арт жағына Абайдай сөз қалдырып,
Осы шығар армансыз өлу деген.
Жаралған жан екенсің толғануға,
Тұңғиық от жанарың ойлануда.
Халқың сүйген ақынды халқы сүйер,
Туған күнің жыл сайын тойлануда.
Танылған талантымен атақ-жайы,
Мұқанды неге «ұлы» деп атамайық.
Жамбыл бабам пір тұтса Сүйінбайды,
Менің пірім – ақиық Мақатаев, – деп жазыпты шәкірті Әбдіш Сұлтанаев «Мұқағалиға» атты өлеңінде.

«Әке көрген оқ жонар», – дейді дана халқымыз. Әбекеңнің ұлы Жәмәли Айбын Әбдімұхаметұлы да – келешегінен үлкен үміт күтерлік өнерлі жігіт. Ол қазір ҚазМУдің филология факультетінің екінші курсында оқиды. Айбын сегізінші сыныптан бастап облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. 2016 жылы Ұзынағашта өткен «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысында бас жүлде, Тараз қаласында өткен «Ақберен» республикалық жас ақындар айтысында бас жүлде, ақын Әбікен Сарыбаевтың 90 жылдық тойында болған облыстық айтыста бас жүлде иегері атанса, ақын Қалқа Жапсарбаевтың 130 жылдығына арналған «Қалқасы еді халқының» атты облыстық ақындар айтысында екінші дәрежелі «Балпық би» атындағы дипломмен марапатталған. 2016 жылы Талдықорған қаласында өткен республикалық Абай оқуларының «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша бірінші орын иегері атанса, 2017 жылы Талдықорған қаласында өткен республикалық Мұқағали оқуларында бас жүлдені иеленген. Жазған өлеңдері «Мұқағали» журналында, мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланып тұрады. Айбынның спорт жарыстарынан алған марапаттары да бір төбе. Мамандығы кітапханашы болғанымен Айбынның анасы Тұрсынбүбі домбырашы әрі әнші.

«Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, «сегіз қырлы бір сырлы», қариялыққа қарай қадам басқан Әбдіш Жәмәлиұлы Сұлтанаев ағамыз күрес, көкпар сияқты спорт түрлерімен айналыса жүріп, сергек көңілмен жетпіс жасқа келіп отыр. Киелі жеті санынан басталатын мерейтойыңыз құтты болсын! «Нан болса, ән де болады» дегендей халқыңыздың қамбасын дәнге толтырып, көңілдерін әнге толтырып ортамызда аман-сау жүре беріңіз демекпін.

**Елеусіз АХМЕТКЕРІМҰЛЫ,**
**ҚР Журналистер одағының мүшесі.**

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ВСТУПИЛИ В СИЛУ ПОПРАВКИ

С 1 января 2019 года вступили в силу поправки по вопросам государственных закупок. В них устанавливается право заказчика не обращаться в суд о признании поставщика недобросовестным, если им выплачены неустойки, когда обязательства исполнены в полном объеме и отсутствует ущерб.

21 января текущего года Глава государства подписал закон по усилению защиты права собственности и снижению судебной нагрузки. Текст Закона официально опубликован 23 января в газете «Казахстанская правда» (вступил в силу 3 февраля 2019 года).

Из 18 санкций на действия судебных исполнителей суду остаются две - привод и запрет на выезд за пределы страны. Но и их число будет уменьшено через сужение оснований для привода и повышение порога для ограничения на выезд. Исключается санкционирование арестов имущества должника.

Санкционирование арестов банковских счетов и истребование информации, составляющей банковскую тайну, передано прокуратуре.

Из 18 требований приказного производства 9 передается нотариату. 10 из 12 категорий упрощённого производства передается в приказное.

В ГПК созданы дополнительные стимулы для обращения к нотариусу. К примеру, судья может вернуть иск по делу, если взыскание можно произвести по нотариальной надписи. Если истец будет настаивать на наличии спора, у судьи будет право возложить на истца судебные расходы по делу.

**А.АЛИМКУЛОВ,**
**старший прокурор**
**Управления прокуратуры**
**Алматинской области**

**ВОПРОСЫ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВОСУДИЯ БЫЛИ ЗАТРОНУТЫ ПРЕЗИДЕНТОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА VI СЪЕЗДЕ СУДЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, КОТОРЫЙ УКАЗАЛ НА НЕДОСТАТОЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ПРОЦЕССЕ СУДОПРОИЗВОДСТВА ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. ГОСУДАРСТВО, ВНЕДРЯЯ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ГРАЖДАНСКИЙ ПРОЦЕСС, РЕАЛИЗУЯ МОДЕЛИ ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВОСУДИЯ В ЦЕЛОМ, В ОСНОВУ СТАВИТ В КАЧЕСТВЕ СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЗАДАЧИ - ДОСТУПНОСТЬ ПРАВОСУДИЯ.**

# НОВЫЕ ЭЛЕКТРОННЫЕ СЕРВИСЫ СУДОВ

В настоящее время все суды в Казахстане вооружились новейшими технологиями. Благодаря этому иски можно подавать не на бумаге, а в электронной форме. Виртуальные заявления отправляются через сайт электронного правительства. Истцы регистрируются в системе, создают личный кабинет на сайте e-gov.kz. Затем пользователь вводит необходимую информацию о себе, выбирает необходимый ему раздел, загружает файлы и отправляет их в суд. Немаловажным является наличие в сервисе виртуальных услуг - sms-оповещение участников процессов, видеоконференц-связь, а также аудио протоколирование хода судебного заседания и электронное архивирование документов. На сегодняшний день плюсы электронного правосудия для всех наиболее очевидны. Во-первых, это удобство для участников процесса, многим из которых приходится не по одному разу преодолевать сотни километров, чтобы подать те или иные документы через канцелярию суда либо направлять документы почтой. Соответственно это экономия на почтовых расходах, снижение роли человеческого фактора в судебном процессе, повышение его эффективности, приобщение к стандартам, которые приняты в цивилизованном мире. Во-вторых, изменен порядок извещения участников процесса. Информация о времени, месте и дате очередного слушания ныне поступает сторонам прямо на мобильный телефон в виде sms-сообщений. Это позволяет сократить не только расходы сторон, но и сроки рассмотрения дел. Соответственно, номера абонентов - участников процесса, текст отправленного сообщения, а также извещение о доставке приобщаются к материалам дела. В том случае если у стороны отсутствует компьютер или интернет, то у него остается право выбора — доверить жалобу бумаге или компьютеру. Не менее важным является то, что сторона вправе в электронном виде подать и электронное заявление-замечание в строго отведенные сроки. Примечательно и другое, участники сторон или их представители вправе знакомиться с протоколом судебного заседания и подать замечания на протокол в письменном или электронном виде, удостоверенные электронной цифровой подписью.

Таким образом, горы бумаг, которыми обрастает любое дело, проходя по инстанциям, должны уйти в прошлое. Электронные технологии делают правосудие не только удобным, но и более открытым. Сейчас ведется аудио протоколирование всех судебных заседаний. Диск приобщается к материалам дела, что должно защищать потенциальных истцов и ответчиков от недоверия друг к другу и к суду в частности. И вышестоящей инстанции проще сделать вывод по поводу законности принятого решения. Нельзя не учитывать тот факт, что аудио и видео фиксация судебных процессов в реальном времени дисциплинирует всех участников, в том числе, судью, адвокатов, а также стороны. При возникновении спорных моментов, не разрешенных в ходе процесса и вызвавших неудовлетворенность, обе стороны могут обратиться к электронной записи, чтобы убедиться в своей правоте или неправоте. Более того, аудио и видео фиксация служит своего рода страховкой для судей и других лиц, осуществляющих свои служебные полномочия на процессе, в случае преднамеренного оговора.

**Адилет БАКЫТОВ,**
**судья СМУС Алматинской области.**



# Внесены изменения и дополнения

Однако проведенный Генеральной прокуратурой анализ показал, что суды назначали конфискацию и при отсутствии доказательств преступного происхождения имущества, ссылаясь при этом только на санкцию статей Уголовного кодекса, предусматривающих ее обязательное применение.

***Законом вносятся поправки в уголовно-процессуальное законодательство в части обеспечения законности при конфискации имущества. В 2016 году в Уголовный кодекс была введена «предметная» конфискация имущества, означающая, что конфискации подлежит то имущество, которое добыто преступным путем.***

В связи с этим в законе конкретизируется, что вопрос преступного происхождения имущества, подлежащего конфискации, должен разрешаться на каждой стадии уголовного процесса.

То есть законодательно повышаются «стандарты» доказывания со стороны органов уголовного преследования: конкретизируется обязанность органа уголовного преследования и суда на досудебной и судебной стадии процесса устанавливать факт преступного происхождения имущества.

В статье 68 УК есть запрет на примирение по тяжким преступлениям. Соответственно, наступает неизбежность уголовной ответственности. Также ранее были вопросы в подходах избрания меры пресечения. Поскольку неоднократная кража относилась к преступлениям средней тяжести, следственные суды отказывались давать санкции на арест. Мотив - недостаточная тяжесть преступления.

Закон вносит ряд изменений по гуманизации экономических преступлении. В частности, повышается порог крупного ущерба, предусмотренного статьей 245 УК, это уклонение от уплаты налогов, с 20 000 МРП до 50 000 МРП, особо крупного ущерба с 50 000 МРП до 75 000 МРП для привлечения к уголовной ответственности. Все, что до, уходит в состав административных правонарушений, по которым штрафы наоборот повышены. Наряду с этим скорректирован порог ущерба с 15 000 МРП до 45 000 МРП по статье 235 УК - невозвращение денег из-за границы. Этот порог не менялся с 2000 года. А ведь и экономика, и рынок претерпели значительные изменения за это время.

До законодательных поправок лицо, добровольно возместившее ущерб, то есть выплатившее свой долг перед бюджетом, освобождалось от уголовной ответственности. Но только за первый раз. В других случаях таких «поблажек» не было.

Законом исключается такой запрет. Теперь при добровольном возмещении налоговой задолженности налогоплательщик, обвиняемый в уклонении от уплаты налогов и других обязательных платежей, от уголовной ответственности освобождается. Независимо от того, в первый раз это или в десятый. Эти поправки снизят вовлекаемость предпринимателей в орбиту уголовного процесса и давление на них.

**Айнур СЕИЛХАНОВА,**
**главный специалист**
**Талдыкорганского городского суда.**

# ЛИШЕНИЕ РОДИТЕЛЬСКИХ ПРАВ - МЕРА ИСКЛЮЧИТЕЛЬНАЯ



***Родительские права предоставляются, во-первых, для удовлетворения материнских, отцовских потребностей, во-вторых, в целях обеспечения интересов детей. В связи с этим, в Кодексе о браке (супружестве) и семье одновременно указываются о правах и обязанностях родителей как по воспитанию, так и по содержанию своих детей. При этом акцент делается именно на обязанностях.***

Об обязанностях гражданина заботиться о воспитании детей специально говориться в статьи 27 Конституции Республики Казахстан забота о детях и их воспитание являются естественным правом и обязанностью родителей. И подобного рода обязанность относится прежде всего к родителям. А их право на воспитание своих детей и служит предпосылкой осуществления аналогичной обязанности.

На основании статьи 2 Конвенции о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин, принятой 18 декабря 1979 года, ратифицированной Законом Республики Казахстан от 29 июня 1998 года № 248, государства-участники принимают все соответствующие меры для ликвидации дискриминации в отношении женщин во всех вопросах, касающихся брака и семейных отношений, и в частности, обеспечивают на основе равенства мужчин и женщин: с) одинаковые права и обязанности в период брака и при его расторжении; д) одинаковые права и обязанности мужчин и женщин как родителей, независимо от их семейного положения, в вопросах, касающихся их детей; во всех случаях интересы детей являются преобладающими.

Так, в соответствии со статьями 9, 18 Конвенции о правах ребенка от 20 ноября 1989 года, подписанной в г. Нью-Йорке 16 февраля 1994 года, ратифицированной Постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 8 июня 1994 года, государства-участники уважают право ребенка, который разлучается с одним или обоими родителями, поддерживать на регулярной основе личные отношения и прямые контакты с обоими родителями, за исключением случая, когда это противоречит наилучшим интересам ребенка.

Государства-участники предпринимают все возможные усилия к тому, чтобы обеспечить признание принципа общей и одинаковой ответственности обоих родителей за воспитание и развитие ребенка.

Подчеркивая важность родительских прав и обязанностей, следует обратить внимание на то, что они неотделимы от личности гражданина-родителя. От них отказаться нельзя. Их можно утратить только по суду. И такая утрата влечет за собою чрезвычайные по своей суровости последствия – полностью аннулируются все права человека как родителя, перестают существовать все его обязанности по отношению к детям, за исключением одной: их содержать.

Наиболее серьезной потерей при лишении родительских прав является утрата возможности лично воспитывать своих детей. Мало, того, лишенным родительских прав гражданам нельзя доверить воспитание других детей. Согласно п. 3 части 1 статьи 91 КОБС усыновителями не могут быть лица, лишенные судом родительских прав. Аналогичное условие содержится в п. 2 части 1 статьи 122 КОБС, где перечисляются лица, которые не могут быть опекунами.

Дети, чьи родители утратили право на их воспитание, передаются на попечение органов опеки и попечительства.

**Олег АНИСИМОВ,**
**судья Талдыкорганского**
**городского суда.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОКС

# ҚАЗАНҒАПОВ ЧЕМПИОН АТАНДЫ



Аман Қазанғапов Бішкектегі халықаралық турнирде чемпион атанды. Бішкекте бокстан Дүйшенқұл Шопоковты еске алуға арналған халықаралық турнир аяқталып, қазақстандық Аман Қазанғапов жеңімпаз атанды деп хабарлайды Olympic.kz. 75 келіге дейінгі салмақта сынға түскен ол финалда шаршы алаң иесі Омурбек Бекжігітұлын 4:1 есебімен жеңді. Іляс Сүлейменов пен Нұржан Бекзатов, сондай-ақ қыздар арасында Назым Қызайбай мен Рано Пархатовалар күміс жүлдегерлер қатарында. Қырғызстандағы бокс турниріне сегіз елден 199 спортшы қатысты.

ХОККЕЙ

# «БАРЫС» ХОККЕЙШІЛЕРІ «ТОРПЕДОНЫ» ЖЕҢДІ

Елордалық «Барыс» құрлықтық хоккей лигасы плей-офф кезеңі саналатын Гагарин кубогіндегі алғашқы ойынын өткізді. Астаналық клуб жарыстың келесі сатысына берілетін жолдаманы Нижний Новгород қаласының «Торпедо» командасымен сарапқа салады. Ойын басынан қарсыластар қақпасы маңын торуылдады. Нәтижесінде «Торпедо» хоккейшісі айдында ойыншылар саны басым болып кетуіне байланысты командалық айыппен жазаланды. Осы уақытта Брэндон Боченски «Торпедо» қақпасынан саңылау тауып кетті. Ал 43-минутта Мэттью Фрэттин «Барыстың» басымдығын ұлғайта түсті. Ойынның 56-минутында қорытынды есепті Брэндон Боченски белгіледі. Есеп – 4:1. «Барыс» плей-офф кезеңіндегі алғашқы кездесуінде жеңіске жетті. Естеріңізге сала кетелік, плей-офф кезеңі екі команданың бірінің төрт жеңісіне дейін жалғасады. «Барыс» пен «Торпедо» енді 28 ақпанда Астанада тағы бір мәрте шеберлік байқасады. Одан кейінгі екі ойын 2 және 4 наурызда матчтар Нижний Новгородта жалғасады. Алғашқы төрт кездесуде жеңімпаз анықталмаған жағдайда 6 наурызда Астанада, одан кейін 8 наурызда Нижний Новгородта ойындар болады. Алты кездесуде жеңімпаз анықталмаған жағдайда 10 наурызда соңғы шешуші ойын Елорда төрінде өткізіледі.

# «АСТАНА» ХОРВАТ ФУТБОЛШЫСЫН САТЫП АЛДЫ



«Астана» өзінің ресми сайтында хорватиялық футболшы Лука Шимуновичпен келісімшартқа отырғанын хабарлады. 21 жастағы хорват пен «Астана» арасындағы еңбек келісімі 3 жылға жоспарланған. Лука – «НК Загреб» клубында ойнап бастаған. Хорватиялық қорғаушы «Спартак» (Юрмала) сапында ойнап, Латвия чемпионы атанған. Ал Балтықтағы мансабынан кейін «Шахтер» (Солигорск, Беларусь) сапында ойнаған. Шимунович еурокубок аясында екі ойын өткізді, алғашқы матчы «Спартак» (Юрмала) сапында Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңі аясында «Астанаға» қарсы болған. Сол кездесу елордалық команданың пайдасына 1:0 есебімен аяқталған еді. «Лука қорғаныс шебіндегі бірнеше позицияда ойнап, алаңда тірек жартылай қорғаушының да міндетін атқара алады», - деп жазылған клубтың ресми сайтында. Transfermarkt мәліметі бойынша, Шимуновичтің трансфер құны - 100 мың еуро.

# ЮЛИЯ ГАЛЫШЕВА ӨНЕР КӨРСЕТУДЕН БАС ТАРТТЫ



Жапонияның Тадзавако қаласында фристайл-могулдан кезекті әлем кубогы аяқталды. Бірінші жарыс күнінде қола медальмен көзге түскен Юлия Галышева параллельді могулда төртінші орында қалды, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ҚР Ұлттық олимпиадалық комитеттің сайтына сілтеме жасап. Іріктеу кезеңдерінен аттпа өткен Галышева жартылай финалда Олимпиада чемпионы Перрин Лаффонға (Франция) есе жіберді. Кіші финалда Юлия аустралиялық Энтони Джакараға қарсылас атануы керек еді. Алайда, қазақстандық спортшы жарысқа шығудан бас тартып, төртінші орын иеленді. Перрин Лаффон жеңіске жетсе, американдық Джейлин Кауф күміс медаль еншіледі. Аяулым Әміренова, Олег Цинн, Александр Геберт пен Сергей Романовтар іріктеуден өткен жоқ. Павел Колмаков швециялық Уолтер Уолбергтен ұтылды. Ерлер арасындағы сында канадалық Микаэль Кингсбери жеңіске жетті. Екінші орында – жапондық Икума Хоришима, үшінші орында – франциялық Бенджамин Кавет. Айта кетелік, кеше Юлия Галышева жекелей сынды алғашқы үштік қатарына енген болатын. 2-3 наурыз күндері Қазақстан тарихында тұңғыш рет фристайл-могулдан әлем кубогінің финалдық кезеңі Алматыда өтетінін еске саламыз.



# ҚУАТ ХАМИТОВ МӘСКЕУДЕ ТИТУЛДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨТКІЗЕДІ

Қазақстандық ережесіз жекпе-жек шебері Қуат Хамитов келесі жекпе-жегі өтетін күнді жариялады, деп хабарлайды Prosports.kz. Жекпе-жек 26 сәуірде Мәскеу қаласында Fight Nights Global турнирі аясында өтеді. Хамитов (20-5-1) Әзербайжан спортшысы Нариман Аббасовпен (23-3) жеңіл салмақ санатында (70 келі) бос тұрған чемпиондық атақты сарапқа салады. Айта кетейік, Хамитов октагонға соңғы рет 2017 жылы қарашада шықты. Алматыда өткен турнирде ирландиялық Питер Куиллимен кездесті. Бес раундқа жалғасқан жекпе-жек тең аяқталған болатын. Ал Аббасов қатарынан сегіз кездесуде жеңіске жетті. Соңғы жекпе-жегінде Михаил Гогитидзені бірінші раундта нокаутқа жіберді.

# АЛМАТЫДА КӨКТЕМГІ МАРАФОН ӨТЕДІ



16 наурызда Баум тоғайында «Алматы марафонына» дайындық шеңберінде маусымның екінші сөресі – Көктемгі жүгіру жарысы өтеді. 1200 әуесқой жүгіруші төмендегі екі қашықтыққа жүгіреді: 13 шақырым (негізгі); 3 шақырым (балалар қашықтығы). Көктемгі жүгіру жарысының жас санаттары: 13 шақырым: 15-34 жас; 35-49 жас; 50+. 3 шақырым: 10-14 жас. Абсолютті есептегі жеңіпаздар, 13 шақырым жүгіруден ең жүйріктері алқа және ақшалай сыйлықтармен марапатталса, ал өз жас санаттарында алғашқы үш орынға ие болған жүгірушілер серіктестерден алқалар мен сыйлықтар алады. Әр мәреші естелік алқаларға ие болады. Қатысушыларды тіркеу 25 ақпанда басталып, 10 наурызда немесе қатысушылардың жалпы саны 1200 адамға жеткенге дейін жалғасады. Биылғы маусымдық жүгіру жарыстарының басты ерекшелігі – төрт жарысқа (қысқы, көктемгі, жазғы, күзгі) қатысу нәтижесі бойынша бір пирамидаға жинай алатын мәрешілер алқасының болуы. Сонымен бірге «Алматы марафоны» шарасына дайындық аясында әр сенбі сайын сағат 10.00-де Тұңғыш Президент Саябағында ашық жаттығулар өтеді. Қатысу тегін.

# ДАМИР ЫСМАҒҰЛОВ ЕКІНШІ ЖЕҢІСІНЕН КЕЙІН АУРУХАНАҒА ТҮСТІ

Ресейдегі қазақ файтері Дамир Ысмағұлов UFC ұйымындағы екінші жекпе-жегін өткізгеннен кейін ауруханаға түсті, – деп хабарлайды Vesti.kz тілшісі. Чехия астанасы Прагада өткен UFC Fight Nights 145 турнирінде Ысмағұловтың қарсыласы испаниялық Хоэль Альварес болды. Үш раундтық кездесудің қорытындысы бойынша қазақстандық файтер төрешілердің біраузыден шығарған шешімімен жеңіске жетті. «Ысмағұлов журналистерге сұхбат бермеді. Оны дереу ауруханаға алып кетті. Ол қолын сындырып алғаны туралы қауесеттер бар. UFC ұйымының өкілдері спортшының медициналық жағдайы туралы пікір білдірмейтінін жеткізді», – деп жазды бразилиялық Globo және SporTV арнасының журналисі Хелена Ребелло Twitter желісіндегі парақшасында. Осылайша этникалық қазақ спортшы мансабындағы 18-ші жекпе-жекте жеңіске жетті, екі рет жеңіліс тапқан. 17 кездесуге қатысқан оның қарсыласы Альварес үшінші рет тізе бүкті. Сондай-ақ, ол UFC турнирінде бірінші рет өнер көрсетті. Айта кетейік, Ысмағұлов UFC ұйымында бірінші рет 1 желтоқсанда Аустралияның Аделаида қаласында жекпе-жекке шықты. Алайда қазақстандық спортшы алаң иесі Алекс Горджесті төрешілер шешімімен жеңді. Осылайша ол UFC турнирінде жеңіске жеткен бірінші қазақ атанды.

Деректер интернет көзінен алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

# САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

**Аңдыз** – қаумалаған, қоршаған.
**Аңкөс** – аңқұмар адам.
**Аңлан** – өздігінен байқалу, көріну.
**Аңырт** – таң қалдыру, таңырқату.
**Апайтөс** – кең кеуделі, омыраулы.
**Апкәусар** – Жұмақтағы зәмзәм суы, мөлдір де дәмді су.
**Аптық** – асып-сасу, алқыну, ентігу.
**Араағайындық** – тараптарды келісімге келуге, қайшылықты істі бейбіт жолмен шешуге шақыру.
**Араз-құраз** – өкпе, реніш, араздық.
**Арайна** – сабыр, ұстам, тоқтам.



ТӘМСІЛ

# Бақытты отбасы

Кішкене бір қалашықта екі отбасы көршілес тұрыпты. Олардың біреуі үнемі ренжісіп, ұрсысып күндерін өткізеді екен. Екінші отбасындағы ерлі-зайыптылар бір-бірінің көңіліне қарап, ешқандай дау-дамайсыз, ұрыс-керіссіз, тату өмір сүрген екен.

Бір күні ұрысқақ әйел көршілерінің тату өміріне қызығып, іштей көре алмай, күйеуін көршілердің үйіне жіберіпті. «Барып байқап келші, қалай олар ұрыс-керіссіз өмір сүреді екен?» депті. Күйеуі барыпты да, ашық тұрған терезенің түбіне барып тың тыңдапты. Тура сол кезде тату үйдің әйелі үй жинастырып жатыр екен. Ақырындап қараса, гүл салатын қымбат вазаның шаңын сүртіп тұрады. Бір кезде телефон шырылдап қалады да, әйел асығып вазаны үстелдің шетіне қоя салады. Бір кезде бөлмеге күйеуі кіреді де, байқамай вазаны қағып кетеді. Ваза құлап, сынады. Сол кезде терезенің түбінде оларды аңдып тұрған көршісі «Міне, қазір ұрыстың көкесі болады» дейді ішінен. Сол кезде әйелі келіп: «Жаным, кешірші, мен кінәлімін.



Вазаны шетке қоя салып едім» – дейді.

– Жаным-ау, сенің еш кінәң жоқ, мен ғой, асығып келіп, қағып кеттім. Ең үлкен шығынымыз осындай болсын деп тілейік! – деп күйеуі әйеліне басу айтады.

Осы кезде көршісінің жүрегі ауырып кетеді. Көңілі түсіп үйіне қайтады. Келе сала әйелі сұрақтың астына алады:

– Қалай екен, көрдің бе? Ұзақ айналдың ғой?
– Иә, бәрін көрдім.
– Қалай екен?
– Олар «мен кінәлімін» деп таласады. Біз «менікі дұрыс» деп таласамыз! Бар болғаны сол!

КЕРЕК КЕҢЕС



**Кішкене күнімізден қорабы мен түр сипаты өзгермейтін ас содасын XVIII ғасырдың соңында француз химигі Леблан ойлап тапқан. Содан бері бұл өнім көптеген қолданысқа жарап келеді. Бүгінде ас содасын химиялық, жеңіл, тоқыма, медициналық өнеркәсіпте, тіпті металлургияда да пайдаланады.**

# Ас содасының пайдасы мен зияны

Үй шаруасында ас содасы көбіне аспаздықта және дәрі-дәрмек ретінде қолданылады. Ас үйде сода түрлі бөліштер пісіру үшін қопсытқыштың орнына жүреді. Сонымен қатар, сусындар дайындау үшін, еттің дәмін шығарып, тез дайындау үшін және де ыдыс-аяқ жуу үшін пайдаланады.

**Ем-дом ретінде соданы:**

- жөтелді жеңілдету үшін: ас содасы қақырық түсіруге көмектеседі;
- тамақ ауырғанда шаю үшін: бактерия өлтіргіш және суық тиюді басу үшін;
- жүрек қатты соғып кеткенде (кішкене соданың сұйық ерітіндісі жүрек соғуын тыныштандыруға көмектеседі);
- гипертония кезінде (ағзадан суды шығарып, қан қысымын төмендетеді);
- ағзаның көп мөлшерде судан арылуында: іш өткенде, құсу кезінде сода-тұз сұйық ерітіндісін араластырып береді;
- жәндік шағып алғандағы қышуды тоқтату үшін;
- ішектерді тазарту үшін (соданың сұйық ерітіндісімен клизма);
- суық тигенде (соданың сұйық ерітіндісімен ингаляция жасау);
- конъюнктивит кезінде (кішкене сода қосылған сұйықтықпен көзді сүрту);
- аяқтың таз ауруы кезінде (кішкене сода қосылған сұйықтықпен ауырған жерді тану);
- тіс тазалау үшін;
- шынтақ, өкше терілерінің қабыршақтануын жібіту үшін (сода қосылған жылы суға салу)
- асқазанның қыжылы кезінде (асқазандағы тұз қышқылын басады).

Алайда ас содасын пайдаланғанда оның әкелер мол пайдасы мен зияны да бар екенін ұмытпаған жөн. Ұнтақ түріндегі содада сұйық түріне қарағанда сілтілік қасиеті көп. Ұзақ уақыт терімен байланыста болса, тері тітіркенуі мүмкін, ал құрғақ сода көзге тисе немесе иіскеген болса – күйіп кетеді. Сондықтан ұнтақпен ұзақ уақыт жұмыс істейтін болсаңыз, респиратор пайдаланған жөн, ал егер көзге түскен болса бірден мұқият жуыңыз.

Соңғы кездері дәрігерлер асқазан қыжылы кезінде сода араластырып, сұйықтық іше бермеуге кеңес береді, өйткені бұл да жанама әсер етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде «қышқыл рикошет» деген атау алып, біріншіден көмірқышқыл газын көп бөліп, асқазанның кебуіне әкеледі, ал екіншіден, асқазанда одан бетер қышқыл пайда болуына ықпал етеді.

Будан шығатын қорытынды, ас содасының қасиетін жақсы біліп, пайдалана алатын адамға зиянынан гөрі, пайдасы көбірек тиеді.

**Деректер интернет көзінен алынды.**

деген екен...

# КӨРСЕТІП АЗАМАТТЫҚ ШОҚТЫҒЫНДЫ

Қызылорда облысы Жалағаш ауданында Мәдениет деген ауыл бар. Кеңестік кезеңде совхоз атанған-ды. Осы ауылда бухгалтерлік қызмет атқарған әрі ақын, сөзге шешен Тұрсынбек Асқаров деген кісі болыпты. Ауласындағы қора-жайын бұзып тастап, күл-қоқысты итеріп тастайтын трактор таба алмапты. Совхоздың білдей бір бухгалтері болса да әдептен жаңылмаған ақын ауылдың құрылыс мекемесіндегі ЖКО-ға өтініш жазып барса, «қоқыс итеретін ДТ-ның моторы сынып қалды» деп сылтау айтыпты. Амалы таусылған Тұрсынбек совхоз директорына барып:

Көрсетіп азаматтық шоқтығыңды,
Итертіп берсей менің боқтығымды.
ЖКО-ның ДТ-сына сеніп едім,
Оның да моторына көк тігілді, – деген екен.

*Көк тігілді – қараң қалды деген мағынада.

**Айтақын МҰХАМАДИ.**

# «АЛАТАУ» – ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

| *ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:* | *ЦЕНА ПОДПИСКИ:* |
|---|---|
| **РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ** | **С РЕДАКЦИИ** |
| **9 айға – 1980 теңге.** | **9 месяцев – 1980 тенге.** |
| **6 айға – 1320 теңге.** | **6 месяцев – 1320 тенге.** |
| **ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН** | **ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ** |
| **9 айға – 2575, 89 теңге.** | **9 месяцев – 2575, 89 тенге.** |
| **6 айға – 1717,26** | **6 месяцев – 1717,26 тенге.** |
| **АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА** | **ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ** |
| **9 айға – 2743,47 теңге.** | **10 месяцев – 2743,47 тенге.** |
| **6 айға – 1828,98 теңге.** | **6 месяцев – 1828,98 тенге.** |

# 25% жеңілдікпен жазыл!

**Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.**

АКЦИЯ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6898
Тапсырыс №339
Индекс 15534